

Ахмет
Өмірзақов

Ақиқаттың рухы



“ҚАЗЫҒҰРТ”
Алматы
2014

УДК 82175127122

ББК 84 (5Қаз)-5

Ө 44

*Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Өмірзақов Ахмет.

Ө 44 Ақиқаттың рухы: Өлеңдер мен поэма./Өмірзақов Ахмет. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, – 2014. – 136 бет.

ISBN 978-9965-22-479-9

Нағыз поэзия – адам жанының нұрлы да ғажайып әуені. Болмысын бір қалыпты тыныш тіршілік емес, буырқанған толғаныстар билейтін жыр әлемі – барынша дара, барынша сара жаратылысты әспеттеуге жаралған текті өнер. Оған еркіндік, батылдық және тереңдік тән. Ол – адам жаны мен қоғам тынысындағы сан түрлі қайшылықтардың себебін іздеп, сырын ашады. Мәңгілік жаратылыс заңына ғана бойсынып, ақиқатқа ғана арқа сүйейді.

Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты, ақын Ахмет Өмірзақовтың бұл кітабына да дәл осы қасиет тән және біздің пікірімізді – осы жинаққа енген шығармалар дәлелдейді деп сенеміз.

УДК 82175127122

ББК 84 (5Қаз)-5

ISBN 978-9965-22-479-9

© Өмірзақов А., 2014

© «Қазығұрт» баспасы», 2014

Бірінші бөлім

Аяулы, ардай асылым



ӨРЛІК ТОЛҒАУЫ.
1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ҚАҒАРМАНДАРЫНА

*Өсер елдің қай кезде де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула, Желтоқсанның мұзға жаққан алауы!*
Мұхтар Шаханов

Ел жоқ, сірә, қасіреттің тұғырына қонбаған,
Халық та жоқ қайғы-мұңның қаңтарында тоңбаған.
Бірақ...
АДАМ мен ХАУАның ұрпағының ішінде
ҚАЗАҚ ұлты шеккен азап – басқасында болмаған!..

Иә, БІЗДЕР –
Тәңірі – Көк, Күннен – Гүннен таралған,
Ұрпақтармыз – Жер жүзіне Нұр шашуға жаралған!
Күркіреген сонау Гүн мен бұл Қазақтың арасы –
Зұлымдық пен Әділдіктің қан майданы – әр алуан!...

...Әлі күнге шықпай жатқан Тарих атты қатпардан,
Сан мыңдаған сыз – жылдардың құшағында таттанған;
Ерліктері – ЕуроАзия есінде әлі сақталған,
Өрліктері – Геродоттың жазбасында хатталған,
Дандайсыған Кирдің басын Өз жерінде ап қалған,
«Жеңілмейтін Ескендірдің» жынын қағып шаттанған,
Біз – Асылдың сынығымыз, қалған Ұлы Сақтардан!!!

Мәңгі мекен – ең Далада жасау үшін жүріп кең,
Талай – талай қан майданда арпалысқан бүлікпен,
БҮТІНДІГІН сақтау үшін тастүйін боп біріккен,

Жер сілкінткен қаһарынан сансыз Шүршіт үріккен,
Біз – Ұшқынбыз өшпей қалған, Ұлы қаған Түріктен!

Қатыгез ой айдап салған дию – сынды жын құсқан,
Уақыт, Заман – әділетсіз үкім айтып мың тұстан;
Гүн, Сақ және Түріктердің шақта – айбары құм құшқан,
Қыпшақ болып қайта туып – бабам жаумен қырқысқан.
Сол Қыпшақты қапылыста қиратқанмен Шыңғыс хан,
Асқақ Рухын жоғалтқан жоқ Ата жұртым – Түркістан!

...Гүн, Сақ, Түрік, Қыпшақ – бәрі, о бастан-ақ азат боп,
Туылған-ды – Зұлымдықты қирататын жасақ боп.
Дәл солардың Ер Ұрпағы – Он Бесінші Ғасырда –
Шықты тарих сахнасына қайсар халық ҚАЗАҚ боп!

Ол да алайда, тірлік кешті бабалардай бұрынғы,
Оның-дағы дұшпандары болып шықты жырынды:
Қытай, Жоңғар, Ресейдің соққысына ұрынды,
Кең даласын қорғаймын деп «мың өліп, мың тірілді»...

Бірақ, асқақ болашаққа бастап барар жолдарда,
Дауа бар ма мәрт халықтың жолын құдай оңғарса?!
Сонау Түрік дәуірінде Жужандардай – жер жұтқан,
Жоқ боп кетті қазақтың ең қас дұшпаны Жоңғар да!

Дегенменен, «дауыл соқса емен басы иілген»,
Шарасыз ел жұдырығы жең ішінде түйілген...
Әбілқайыр, Абылайлар кетті арманда өмірден,
Елін көріп – бодандықтың қамыты нық киілген...

Жат жұрттықтан тазартам деп әрбір сүйем-қарысты,
Кенесары, Наурызбайлар арыстандай алысты.
Сырымға ерген қалың қауым оққа қарсы барыс-ты;
Еркіндікке ұмтылған ел Өздеріне Бас қылды –
Исатайдай, Махамбеттей, Жанқожадай арысты!

Сүйегіміз шашылса да бір, он емес Жүз белде,
Бабалардың ерлік салтын ұмытпадық Біздер де.

Жауынгерлік рухымыз желбіреді биікте,
Дәуір – Кеме сан дауылды теңіздермен жүзгенде!

...Көкіректі күйдіргенде шемен болған күй налып,
Жатқан кезде ел – Патшаның езгісінде қиналып;
«Ұлы Қазан Төңкерісі» тумай жатып,
қиратқан –
Россия тас бұғауын Аманкелді Иманов!

Дәл содан соң Жетпіс Жылдай уақыт салып араға,
Ерлік туын қайта тігіп ұланғайыр Далаға, –
ЭС-ЭС-ЭС-ЭР-дің –
Әлемдегі империяның ең соңғы,
Жаназасын шығардыңдар Алматыдай қалада!

– Жаназасын шығардыңдар, Желтоқсаншыл Ерлерім!
Өрбірі – бір Қаһарман боп жаратылған Өрлерім!
Ату, асу, азаптауға Рухыңды бермедің,
Отқа жағып, мұзға салып қатырса да өлмедің,
Жаны – жалын, тәні – құрыш, Желтоқсаншыл Ерлерім!
Өрбірі – бір Қаһарман боп жаратылған Өрлерім!

Жасап өткен ай-жылдарда, бізден бұрын – мыңдаған,
Саған риза – Тәңірі – Көк, Рухы – От Гүн бабаң!

Асқақтығын иығынан бас кетсе де сақтаған,
Саған риза – сұрапылдың сұрапылы – Сақ бабаң!

Ұрпағының жанын, тәнін шыңдап кеткен Өр қылып,
Саған риза – Ақын бабаң, Батыр бабаң – Ер Түрік!

Сескенбеген сан ажалдың қақпанынан құрулы,
Саған риза — Қыпшақ атты Қайсар бабаң рухы!

Жасымаған тартса да сан тәуелділік азабын,
Саған риза – Желтоқсанмен қайта туған Қазағың!

Жаса!
Жаса! –
Желтоқсанның Батыр Қаһармандары,
Ақиқаттың, Әділеттің батыл шабармандары!
Жаса!
Жаса! –
Азаттықтың туын көкке көтеріп,
Қазағымның адамзаттан адал бата алғандары!

Сендерсіңдер –
Дүлейліктің топан суын тоқтатқан,
Зұлымдыққа қақ маңайдан жарып өтер оқты атқан!
Сендерсіңдер –
Күдіктердің Тас Қамалын қиратып,
Өз ұлтының жүрегіне мәңгі сөнбес От жаққан!

Сол жанған От өшпейді енді – Зұлым заман келмейді,
Сол жанған От өшпейді енді – төбемнен бұлт төнбейді!
Сол жанған От өшпейді енді – езілмейді жан-тәнім,
Ерлік, Елдік қасиетім – Құдіретім өлмейді!!!

Желтоқсан, 1996 жыл



ҚАЗАҚ МЕРЕЙІ

Сана жеткен өлшемнен де биік біздің өреміз,
Қайғы менен қуанышты көптен бұрын көреміз.
Таудың биік, Судың терең, Жердің жазық екенін,
Тылсым Қазақ Болмысында танытумен келеміз.
Ұлы Ақиқат ақыр бір күн ту тігеді – сенеміз,
Сонда – әлемдік даналықтың қасиетті жемісін –
АРИСТОТЕЛЬ, ӘЛ-ФАРАБИ деп екіге бөлеміз!

Сөз патшасы Абай болып дүр сілкінттім санамды,
Жыр тәңірі Жамбыл болып бір сілкінттім ғаламды.
Күй атасы Құрманғазы саз тудырып теңдессіз,
Күш атасы Қажымұқан беттетпей бір адамды,
Асқақ сөзім Әуезов боп алты әлемге таралды.
Қайсар тұлғам Бауыржан боп биіктетті даламды,
Ғалым бейнем Қаныш болып күн қасына бара алды,
Әсем әнім Әміре боп көкте қалқып жүр мәңгі,
Осыларға қарап дүние өзі берсін бағамды!

Ақиқатты айбынбастан Ақын ғана айта алар,
Айта алғанда, бүкіл Адам – Заттың жаны жай табар.
Сонда – зұлым замандарда қасиетті Тарихтың
Жоғалтқанын Сүлейменов, Шахановтар қайтарар!
Кезі келіп жалғандықтың жолы – дағы байланар,
Байланар да – АДАМ менен ҚАЗАҚ сөзі ӨЗАРА
МӘНДЕС СӨЗге айналар!!!

Желтоқсан, 1996 жыл



АБАЙ-МҰХТАР БИІГІ

(Қазақ туралы жыр)

«Абай-Мұхтар!» –
деп жыр бастау – міне, сын!
Олар жайлы қалам тербеу үшін, Дос,
Болсаң да шын дарынды,
Тежеп қызу арынды,
Оң – солыңа қарап Қыран көзбенен,
Жүрекпенен – алдамшыға төзбеген,
Тілекпенен – ақ үміттен безбеген, –
Тәуекелдің қайығына мінесің!
Өміріне үңіле алсаң
Абай менен Мұхтардың,
ҚАЗАҒЫМНЫҢ ДАНАЛЫҒЫ –
Қанша жыл –
ҚАСІРЕТТІҢ ТОРЫНА
ҚАМАЛҒАНЫҢ БІЛЕСІҢ!..

Олар – сенің Арың шын,
Ар туралы адал, асқақ сөйлемей
Күдіктерден көңілің қалай арылсын?
АБАЙ-МҰХТАР
Белгісі –
ГЕГЕМОҢДЫҚ БИІГІНДЕ барыңның!

Рас болса мәңгілігі Өнердің,
АБАЙ-МҰХТАР ОЯТҚАН
ДАНАЛЫҒЫҢ
Сенің қалай көнерсін?!
Біз халықпыз,
О бастан –
Маңдайына жазылмаған сөнер күн!

Сондықтан БІЗ –
Қара күшке ерік берген заманда,

Өзімізді өрлеткенбіз –
Ақ білектің күшімен,
Ақ найзаның ұшымен!
Ал, бүгінде –
Парасаттың
Ұлы Көші шеру тартқан заманда,
Сөзімізді төрлетерміз –
Ақ Жүректің күшімен,
Ақ Қаламның ұшымен!

Алды-артыңа қарасаң –
Үмітсіздік жанды қажап, өкініп,
Себебің жоқ азып-тозып, аритын.
Өлең болып төгіліп тұр, төгіліп,
Тасқа жазған Тарихың!
Жалғандықтан шегініп,
Ақиқатқа бекініп,
Енді, міне, Әлемнің
Келді кезі Өрлігіңді танитын!

О, қайсар, ер Қазағым,
О, жайсаң төр, Қазағым! –
Дәуір, Қоғам саған қанша
Қиындығын артса да,
Тексіз тобыр кейде саған
Теріс қарап жатса да, –

АБАЙ БАРДА
АЛҚЫНБА,
МҰХТАР БАРДА
МҰҢАЙМА!
ДӘЛ ҚАЗАҚЫ ҚАЛПЫҢДА,
ЖАҚЫНСЫҢ СЕН ҚҰДАЙҒА!!!

Далаң сенің киелі,
Күмбірлеген күй елі.
Бұркып аққан дарияң

Білмейді ешбір жүйені.
Тауларыңның өр басы,
Бұлттың төсін сүйеді.
Ормандарың – шулаған –
Тәңір тартқан сый еді!!!
Соның бәрін сақтаған –
Нақ сенімін ақтаған:
Арыстанын патша ғып,
Жолбарысын сатпаған;
Қырандарын самғатып,
Аққуға оқ атпаған,–
Бабалардың асыл текті сүйегі!!!

Сол қасиет Арға аманат десең Сен,
Лайық Ұл бол ұлтыңа,
Лайық Қыз бол ұлтыңа!
Елім! – деген пәк жүрек,
Елім! – деген кеуденде
Ыстық қаны бұлқына,
Соғып тұрсын жұлқына!

Асқақ та Сен, Азат та,
Қүдірет те Сен, Ғажап та!
Тек Мәрттік пен Батырлық,
Қайсарлық пен Батылдық
Мекендейтін
Анау Асқақ Кеудеңе, –
Жасықтықтыңты,
пасықтықты,
ездікті,
Жалғыз сәт те жасатпа!
Қазақ болып дүниеге келгесін,
Қазақтыққа көну керек,
Қазақ болып өлу керек қазаққа!!!

...Жан-Жүрегін тербегенде
ЖҰРТЫМ деген Күй – Ұлы,

Ел жүгінен талмайды ешбір
Ер жігіттің иығы!
Тәрк етпегей кеудемізді ешқашан,
Мәңгілікке бастаған –
АБАЙ-МҰХТАР БИГІ!!!

Мамыр, 1997 жыл



МАҒАМБЕТКЕ НЕМЕСЕ ӨЛМЕЙТІН ДАҢҚТЫҢ ӨЛЕҢІ

Жон сыртына Шындық – қамшы батқасын,
Сый мен Құрмет саған бұрды ат басын.
Қайсар ғұмыр –
Қырық Үш Жыл жұлқынған –
Ғұмыр емес,
Көкті тілген От – Жасын!

Дулығалы басты сүйсе құлай Бақ,
Жұрт жанын ол өткен емес лайлап.
Татымады-ау «Бір-ақ туған қараға»,
Ханнан Қырық туғанымен «кұдайлап».

– Бекерге «Ер!» деп танымады Ел сені,
Сөздеріңнің көтерді өзі еңсені,–
Қарашаның шыдамымен шындалған,
Ақиқаттың алмас жүзді семсері!

Құрғанымен Ажал қанша қақпанын,
Есепке алып, елеп те оны жатпадың.
Тағдырдан Сен бәрін күтіп,
Күтпеп ең –
Өз итіңнің құтырып кеп қаққанын!..

Жұлдыз – жұлдыз! –
Өшкенімен уақытсыз,
Шамырқана білген емес шабытсыз!
Дәл Өзіндей «Кескекті ердің сойлары» –
Маңдайына бітпейді елдің – бақытсыз!

Алшаң басып өткенімен жалғанды,
Асқақ шыңға шырқатқан аз арманды.
Саған қарап Ел таниды «АҚЫН!» деп, –
Басын беріп – Арын сақтап қалғанды!

Шыққан күндей сескенбестен «батам» деп,
Өр боп туып, отқа түстің «ОТАН!» деп.
Елдің Дертi, Ердің Сертi дейтұғын,
Шың басында көзiңдi iлдiң, МАХАМБЕТ!

Жалғаншымен арбасқанда Жарық Күн,
Тура сөзде Сендей болар анық кім?!
...Қасіретінің өзінде асқақ Даңқ бар,
Махамбеттей Ақын туған Халықтың!!!

Қаңтар, 2003 жыл



ЖАНҚОЖА БАТЫР ДАСТАНЫ

(Ұлт батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлына ескерткіш)

ЕЙ, ЖАНҚОЖА БАТЫРЫМ!¹

Айырмай қолды Ақиқат деген Ақ Тудан,

Еренім едің –

«Ел үшін келдім өмірге, Ел үшін өлем!» деп туған.

Сен батыр болсаң намыстың құлы,

Мен – ақын,

Жалғандықтардан жай таппай жаны – жоқ қуған!

Тағдыр-талайың, еске алған шақта, тұрса да жанға

мұң құйып,

Жаралы мынау тарихымдағы орының сенің тым биік!

ЖАМПОЗЫМ МЕНІҢ,

Нар тұлғаң жайлы айта алсам егер айтудай,

Жоқ жерден «батыр жасағыштардың» аузына –

Кетер едім-ау құм құйып!

Тарихта аты танылмаса да «рулы елге ұран» боп,

Әр ауыл бір-бір Жанқожа тапса – туысына оның күмән көп.

Қабанбайлар мен Бөгенбайлардай дәріптелмей жатса

есімің,

АРДАҒЫМ,

Сенің ондайға титтей кінәң жоқ!

Сен ешбір ханға басыңды имей емен боп өткен батырсың,

Халқының мұңы көкірегіне шемен боп өткен батырсың!

Азуын айға білеген анау Ақ Патшадан да қаймықпай,

Алланың берген мәрт мінезіне кенен боп өткен батырсың!

Аруақты ер ең – алдына келген кісіні сұсың басатын,

Майданға шықсаң – жасанып келген жауыңның құты

қашатын.

Көргенде сені – ләшкері сарттың тығылатұғын жер таппай,

Казак-орыстар қамалдарынан шыға алмай сыртқа, сасатын!

Ерлігің Сенің тұратын дәйім жігерін елдің жасытпай,
Өрлігің Сенің ақын біткеннің жырына мәңгі азықтай!
Қазақтың кегі қайтқан күн сірә бар ма екен,
Бабажан сарттың құйрығына сенің бұйрығың қаққан
қазықтай!!!²

Қара халықты құтқарамын деп қорлықтарынан жат елдің,
Басыңды талай ойланбастан-ақ отына тіктің қатердің.
Күл-талқан қылып Кенесарының күші келмеген Созақты,
Абылай ханның ұрпағын қырған Қоқаннан кекті әпердің!³

Батырлық түгіл билік айтқанда орының сенің төр еді,
Жазықты жанға жаза кескенде өнегең еді – өрелі.
Пасықтығы үшін айбалта сілтеп Қылышбай ханның
басына,⁴
Жасықтығы үшін жаяу айдадың Жанғазы сынды төрені.⁵

Ескертер едің би-шешендерге: «Кісі ақысынан қорық!» деп,
«Би қарау болса – басқаларға не жорық?» деп.
Өзгелер еккен арпа-бидайдан түйір дән салмай аузыңа,
Өзегінді ылғи жалғаушы едің құмаршақ дәнін теріп кеп.

Жаужүректікті берсе де құдай басыңнан ұшпас бақ қылып,
Жаныңа сенің тән емес еді аяуды білмес қаттылық.
Қандасыңның кегін қайтарғаныңда – қанынан ұрттап
жауыңның,
«Кектесемін деп қас дұшпаныма, жасадым, – депсің, –
жат қылық...»

Адалдық сынға түскен бір шақта ашудың баспай көрігін,
Жалған намысқа желіккендердің қағатын едің желігін:
Ақылыңды алмай арандатқанда ел менен елдің арасын,
Теріс бата беріп Туысыңа да,
Өңгеріліп атқа келгенде Ол,
Ара ағайынға,
Үш Жүздің Пірі Мүсірәлінің ұрпағы –
Сәйеке ишан келгенше,
Көмдірмей қойдың өлігін!..

Осының бәрі өзіңе әттең... жақсылық болып қайтпады,
Қайтсын деп те оны тасбауыр тағдыр айтпады.

Не деген қиын,

Бір кезде өзің қорғаны болған қандастың,

Өзегіңе теуіп, өзіңді келіп атқаны...

Аңғал ерім-ай, бойыңа неге күдікті сонша жат қылдың,
Ақ көңіл ең-ау, десең де қанша опасыздарға қатқылмын.
Сонау бір шақта кәлләсін қағып тастағаныңда, шіркін-ай,
Бассыз кеудесі нетер ед саған Елікей атты сатқынның?!⁶

«Жазмыш-парақта не жазылса да мен соған анық бейілмін»,
Дегеніңменен құрбаны болдың тексіз бір тобыр-пейілдің.
...Қатындықтан басқа не келуші қолынан,
Тумысы бастан арамзалыққа табынып өскен, бейшара,
Ақсақал менен Сейілдің?..⁷

Сарбаздарыңның салған ұраны «Бақтыбай!» болып,
«Дөйт!» боп,

Селт етпей жүрек қан майдандарға кеткенде талай
қойып кеп, –

Сескенбеуші едің өзіңе қарай тура сілтеген семсерден:

– Арманым жоқ, – деп, – Соғыста кетсем шейіт боп!..

Амал не, бірақ, тілекті құдай бермеді,

Шараң бар қандай ажалды пенде жалғанның болса ермегі?!

...Ту сыртынан кеп қадалар қанжар өз отанында қайралып,

Қапыда кету – Хас Батырлардың тағдырдан татар кермегі.

...Тар кезең туып, қалғанда жалғыз – қол салғанда ажал
алқымға,

Батырлығыңның түсірмей құнын, бұзбадың сынын,

нарқын да.

Құранға балқып отырған кезде –

Қазасы жеткен Хазіреті Ғали сияқты,

Қарсы алдың сен де ажалды,

Намазыңды үзбей,
Жүзіңді,
Құбылаға берген қалпыңда!..

Жақын келе алмай, нәмәртікпенен алыстан атып дұшпаның,
Қорланды қатты көре алмай сенің кеудеңнің құмды
күшқанын.

Жаныңа сауға сұрамай,
Қорғасын оқтан құламай –
Пәниден өтіп бара жатып та сонда Сен,
Еңсеңді биік ұстадың!

Рухына елдің Екіжүзділер етпеуі үшін Иелік,
Соңғы рет шыққан Биігінді де ұрпақтарыңа Кие ғып, –
Теңселтпей бір сәт нарларға бітер тұлғаны,
Арманға толы асқақ кеудені керіп бір,
Ең соңғы демді алдың да,
Туған далаңа қимай бір көзді салдың да,
«Ел аман аман болсын,
Жер аман болсын...» деп іштей,
Ақырын ғана қыран қабағың жанарыңды жапқан қалпыңда,
Дауқара шөлде – құмды төбенің басында –
Мәңгілік қалдың Шолақ найзаңа сүйеніп!..

Тоқтадың солай,
Өзіңмен бірге тарихтың жауып бір бетін,
Бейдауа дүние айналса теріс – күш бар ма оны іркетін?!
Қысқа бір күнде қырық құбылған жалғанда мынау, бірақта
Өзіңдей жан аз риясыз көрген Нақ Жаратқанның үрметін!

Қасіретті сол шақ қалғанда артта, атқанда қайта Таң Ізгі,
Өнегең жырға айналды–дағы таңдайға нәрін тамызды:
«Жұртым» деп аттан түспеген анау арпалыс толы
шақтарың,
Жүрегінде елдің жырлатып жатты Шындықтан биік
Аңызды!

«Жанқожа!» десе құйындай соғып толғаныс келді жырауға,
Күңіренді күйлер, домбыра түссе «Жанқожа!» деген
бұрауға.

«Жанқожа!» деген ұранмен жауға ұмтылған ердің бәрі де:
«Хақым жоқ, – деді, – құлауға!»

«Жанқожа!» десе қуатты бір үн дүр сілкіндіріп сан қырды,
«Жанқожа!» десе селт етіп бір сәт жасыққа тіпті жан кірді.
«Ер Жәкем!» деген тайсалмас елдің Ер Ұландарын
көргенде,
Дұшпанның басы қаңғырды!

Жан-тәніменен, жүрек қанымен, маңдайдан аққан терімен,
Біртұтас болып, ажырамастай бірігіп кеткен елімен;
Кім көрген, сірә, Өзіңдей Ерді –
Өлгеннен соң да қол бастап,
Есімінің өзі түспеген тұлпар белінен!!!

«Тірі күнінде қастасқан жауға жайрата сілтеп жарақты,
Дауылдап өткен даланың соңғы батыры» деген, қанатты
Сөздермен өріп, сен жайлы ойын, тебіренгенде Аничков,⁹
Еуроазияның аспанында атың қырандай самғап баратты!

Сол шақтан бері –
Рух боп Асқақ, ұрпаққа талай үн қатқан,
Сен тігіп кеткен Мәрттіктің Туын көреміз дәйім
Шың жақтан.
Ұлтының нұрлы Жан-Бесігінде тербелген мәңгі Алыпсың,
Даңқынды енді ешкім де келіп қозғалта алмас бұл Тақтан!

P.S.

...Заманда небір көтере біліп Дәуірдің жүгін – зіл батпан,
Тарих Патшаға жасқанбай қарап, аспандай қарап тіл
қатқан,
Қазақтай мынау ғажайып елден айналып кетсең болмай ма,
ЖАНҚОЖА сынды ұл тапқан!!!

¹ Жанқожа Нұрмұхаммедұлы (1774 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Арықбалық ауылында дүниеге келіп, 1860 жылы Қызылқұмда дүниеден өткен) батыр, Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы.

² Хиуа хандығының жергілікті халықтан салық жинаушы өкілі Бабажанның қамалы, сол кезде 72 жастағы қаракесек Ақтан батыр мен 68 жастағы Жанқожа батыр бастаған қазақ жасақтарының қолымен 1842 жылдың қарашасында талқандалып, Бабажанның өзі өлім жазасына кесілген.

³ 1830 жылдың күзінде Кенесары бастаған біріккен қазақ әскері Қоқан жасауылдары тұрған Созақ бекінісін қоршауға алып, оған үш жүздің жауынгерлері кезектесіп шабуыл жасаған. Алдыңғы екі шабуыл нәтижесіз аяқталып, өз кезегінде адамы шағын Жанқожа батыр бастаған кіші жүз сарбаздары алдымен қоқандықтарға көмекке келе жатқан Тағанның ләшкерін талқандап, өзін тұтқындайды. Соң Созаққа шабуыл жасап, бекіністі алады.

⁴ Алғаш 17 жасында жорыққа қатысып, жекпе-жекте Тықы батырды жеңген Жанқожа жорықтан қайтып келе жатқанда Қылышбай ханның бір әділетсіздігіне шыдамай оған айбалтасын сілтеп, ауыр жарадар етеді. Бірақ, хан болған жағдайға өзін кінәлі санап, жас батырға кешірім жасайды. Соңынан өзі сол жарақаттан дүние салған.

⁵ Хиуа хандығы тарапынан сайланған Сыр бойы қазақтарының ханы Жанғазы сұлтанды Жанқожа батыр Бабажан қамалын қиратқан соң еліне қорған бола алмағаны үшін жазалап, қырдан жаяу айдап қайтқан.

⁶ Сұлтан Елікей Қасымов – Жанқожаны өлтіруге әскер бастап барған, Хиуа хандығына және орыс патшалығына қызмет еткен сатқын төре.

⁷ 1844 жылы қаза тапқан табын Байқадам батырдың ажалын Жанқожадан көріп, оған кектенген Ақсақал мен Сейіл Елікей Қасымовпен бірге барып, 86 жастағы қарт батырды, жекпе-жекке шықпай, алыстан мылтықпен атып өлтіреді.

⁸ Жанқожа көтерілісінің ізін суытпай зерттеген орыс офицері И.Аничков бұл туралы арнайы очерк жазып, 1894 жылы Қазан қаласында «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхаммедов» деген кітапша шығарады. Автор өз кітабында батыр туралы нақты да әділ көзқарасын көрсеткен. (Сілтемелердің барлығы да батыр Жанқожа Нұрмұхаммедұлының өмірі мен тарихи еңбегін жарты ғасырдан аса уақыт зерттеп келе жатқан көрнекті жазушы Молдахмет Қаназдың «Ел қорғаны – Ер Жөкем» (Алматы, Денсаулық, 2012 ж.) атты кітабы негізінде беріліп отыр.



КӨТІБАРДЫҒА ОЯТУ

Көкірекке бір запыран ұялап,
Сезімдерім таппай қойды тиянақ.
Қаншама жыл жанымды жеп келеді,
Босағада байсыз туған Қиянат!...

Сөзін айтты деменіздер күпірдің,
Тіл сыйлаған Жаратқанға шүкірмін!
Мен –
Тек қана жалғаншыға жағынған
Шайырлардың шатпағына түкірдім!

Қалдырсаң да дауыл-даудың өтіне,
Тура айтамын хәм қоймаймын өкіне:
«Айман-Шолпан»² –
Жұрт тамсантқан жыр емес,
Жаққан күйе ол – батырлықтың бетіне!..

Тәрк еткенде көкіректі асқақ Ар,
Қиянаттың жолы осылай басталар:
Әл бермеген аруакты ерге өшігіп,
Әлібекті³ ойлап тапты «қасқалар»!...

Болғанымен басқалардан бағы асқан,
Батыр жайлы жырдың көбі шатасқан.
Айыра алмай ақ-қарасын аңыздың,
Әуезов⁴ те жоққа сеніп адасқан...

Әлі күнге жалған жырдың атағы,
Тақтан түспей
Жаныма дерт батады:
Қазақ сорлы егіз қызды болғанда –
Айман, Шолпан деп ат қойып жатады!...

Қаперге алмай асыл сөзді – аталы,
Кеуде керіп, Елміз! – дейсің баталы.
– Ей, ағайын,

Қашан биік болып ед,
Батырлардан қатындардың атағы?!

Арға шабу – әділдікке жатпаса,
Батыр біткен беруші ме ед от баса?
Тумай туа шөгер еді Көтібар,
Басынғанды тура бастан шаппаса!

Аялауға Ақиқаттың Ақ Таңы
Асыққанда –
Арыңды емдер тап дәрі!
Тасырлыққа төр бергеннен емес пе,
Жігерліңнің жолы болмай жатқаны?!

– Ай, Көтеке,
Аңғал ерім Көтібар,
Тұлпарсың Сен – бұқа емессің өті бар!
КӨТІБАР деп есім берген атаңның,
Жүрегінде жанартаудай Оты бар!

Аңыз қылған Аспан – Жердің арасын,
Атыңмен де, Затыңмен де дарасың!
Көті жоқтар от басында омалса,
КӨТІ БАР! – боп көз жетпеске барасың!

Асып туған, асыл затты – Өр, Текті,
Бабаң сенің – еңкеймеген Ер Шекті!
Тұр қанеки, тұлпарыңа қайта мін,
Жыртып-жыртып жұрт тоқыған «ертекті»!!!

¹ Көтібар Бәсенұлы – (1757 – 1833). Кіші Жүз, Әлім тайпасы, Шекті руынан шыққан халық батыры. Орыс отаршыларына қарсы күрескен. Көпке мәлім «Айман-Шолпан» жырында батырдың шындыққа жанаспайтын бейнесі жырланады.

² «Айман-Шолпан» – қазақтың елге кең тарған лиро-эпостық жырларының бірі.

³ Әлібек – «Айман-Шолпан» жырында «Айманның ғашық жары әрі Көтібардан құтқарушы» ретінде көрінетін, бірақ, тарихта аты беймәлім, ойдан шығарылған кейіпкер.

⁴ Әуезов те жоққа сеніп... – Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Айман-Шолпан» жырының сюжеті негізінде комедия жазып, Көтібардың жағымсыз, мазақ образын жасаған...

БЕКЕЖАННЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Керек емес мына жырға «сөз басы».
«Ақиқаттың, – десек те, – анық тозбасы»,
Бақи жаққа бетін бұрып кеткелі,
Тиылмай тұр Бекежанның¹ көз жасы...

Әр күн сайын «жасампаздар» мақталып,
Әр күн сайын шындық отқа қақталып;
Әр күн сайын жатыр Ұлттың намысы,
Тексіздіктің табанында тапталып.

Шыңыраудан ұмтылғандай жарыққа,
Ұмтылсақ та жүректегі Аныққа, –
Шамырқанған бір шындықтың дауысы,
Өлі күнге жетпей жатыр халыққа!

...Кинозалда «гәккулесе» Қыз Жібек,
Жас пен кәрі көзін алмай үздігед!
Білмейді елім,
Өлі аруағын біреудің
Бір Қиянат жатқандығын сүзгілеп!...

«Төлегеннің кімнен келді ажалы?»
Жауабы оның талай көрді қазады:
«Кескентерек² – қарақшының күнәсін,
Бекежанға аударғандар – жазалы!»

Деп жүрмеңіз «өлгендерге кектенді»,
Шынның шаңын сүртетін шақ жетті енді!
Жан шошиды мұрағатты ақтарсаң,
Білгің келіп сыры жұмбақ өткенді.

Опаыздық, нәмәрттіктің жаңасы –
Қағаздағы таңбалардың жаласы!
Бекежанды оққа байлап жіберген –
Шайкыісләмнің кітап сатқан баласы!

Жүсіпбек-дүр³ сол нәлеттің есімі,
Біл, ағайын,
Ұғып дұрыс, осыны:
Әлі күнге әлек салып келеді,
Түбі шикі кесапаттың кесімі!

Сол Жүсіпбек – көріп тұрып «көрмеген»,
Босағаны ауыстырған төрменен.
Сол Жүсіпбек –
Безбүйрегі бүлк етпей,
Жыр – «Жібекті» қалауынша өңдеген.

Сол Жүсіпбек –
Жалғандықтан қашпаған,
Ақ қағазға ақиқатты баспаған.
Отқа тығып Бекежанның аруағын,
Руласын жырдан сызып тастаған!

Жүргендерге – қарғыс атқан сол ізбен,
Тағдырлары Қайғы емшегің емізген!
Талайлардың жаңқа болды ғұмыры,
Кемелердей қирап қайтқан теңізден...

Ақиқатты айт жүрегінде түк болса,
Бақыт па екен – елге есерлік құп болса?
Жеңіл ме екен жүрексіздің кесірі,
«Қырық есек, бір қашырға жүк» болса?!

Жаратқанның ескерткені аз ба әлі?
Қиын... бұны оқталғанда жазғалы:
Бекежанды «сомдаймын» деп Асекең⁴,
Бұл дүниеден безіп кете жаздады...

Қостаймын деп өлеңшіні – ұятсыз,
Қобыздайын қурап сынған, қияқсыз;
Біле тұра бүгіп қалып шындықты,
Мүсірепов⁵ қала жаздад... тұяқсыз.

Нақақ күйген Ар – қала ма тектен тек,
Көгертпейді Ол көзсіздерді көктем боп!
Жазықсызды зұлым қылған Сұлтекең⁶,
Арманының ширегіне жеткен жоқ!..

Шындық шындап алар болса қыспаққа,
Құның қалмас өзің туған қыстаққа!..
Бекежанды құзғындарға жем қылған,
Атабаев⁷ шықты қандай ұшпаққа?...

Міне, осылай бір-бірімен алмасып,
Залым пікір келе жатыр жалғасып.
– Қашанғы енді көмілеміз құдыққа,
Ей, Ақиқат,
Жетер енді, алға шық!

Патша да ұстап тұра алмайтын уыста,
Шындықты кім тығып жүрген қуысқа?
Қалай ғана көз салады Бекежан,
Бес атадан қосылатын туысқа?⁸

Мына жалған дүниеде – аз-ақ күн,
Тіпті, шегі болмаушы ма ед мазақтың?
Қандас, жандас үйірлеске шаппаған,
Жылқысы да текті еді ғой қазақтың!

Әттең... оны ескеріп жүр кім бүгін,
Қиянат тұр ішке бүгіп сұмдығын.
Жалғандықтан шәрбат ішкен ұрпаққа,
Зәрдей – менің шырық бұзар шындығым!

Кейбіреуге көрінгенмен тосын жай,
Біз аңғарған бір қасірет осындай.
Өмір бойы өтпеу үшін өкініп,
Айтар кезде айту керек тосылмай!

Шежіренді шайтан алса иелеп,
Қалды дей бер Атан-Шындық үйелеп!

...Домбырадан қалам тартып алған жыр,
Келеді әлі елдің жадын күйелеп!..

Қанша дәмін татсақ-дағы бұл удың,
Реті жоқ енді үнсіз тұрудың!
Қара жерге көму, сірә, мүмкін бе,
Нақтың Нұры – Ақиқаттың Рухын???

Болған істі біле-білсек байыптай,
Бұл бір тарих – ескегі жоқ қайықтай.
– Елдің ары арылмайды дақтардан,
Бекежандар көз жасынан айықпай!..

¹ Бекежан – Бекежан Айбекұлы. Тарихи деректер бойынша 1667 – 1730 жылдар аралығында өмір сүрген. Кіші Жүздің Әлім тайпасы, Қабақ Шекті руынан шыққан батыр. «Қыз Жібек» көркем фильмінде Жібектің ғашығы Төлегенді өлтірген зұлым кісі ретінде сомдалған көркем бейне.

² Кескентерек – белгілі фольклоршы Сейтқали Қарамендиннің (1912 – 1997) дәлелдеуінше Төлегенді өлтірген қарақшы. (Сейтқали Қарамендин, «Бекежан да – бір арыс», «Қазақ әдебиеті» газеті, 19. 07. 1991 ж).

³ Жүсіпбек – Жүсіпбек Шайқысләмов, кейбір деректерде Шейху-лисламов (1857 – 1936). Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Қазан қаласындағы баспалардан халық дастандарын кітап қып бастыру, тарату ісімен айналысқан өлеңші кісі. «Қыз Жібек» жырын кітап қып баспадан шығарғанда жырдың мазмұнын бұрмалап, жырды өзгертіп шығарған. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнағанда Қытайға қашып кетіп, өмірінің соңғы жылдары сол жақта өткен.

⁴ Асекең – қазақтың белгілі актері Асанәлі Әшімов. «Қыз Жібек» фильмінде Бекежанның жиіркенішті бейнесін сомдаған...

⁵ Мүсірепов – қазақтың көрнекті жазушысы Ғабит Мүсірепов. «Қыз Жібек» көркем фильмінің сценариін Жүсіпбек Шайқысләмов варианты бойынша жазған.

⁶ Сұлтекең – «Қыз Жібек» фильмінің режиссері Сұлтан (Сұлтан Ахмет) Қожықов (1923 – 1988).

⁷ Атабаев – режиссер Болат Атабаев. Ол «Қыз Жібекті» сахналағанда, пьеса соғын – қазақ табиғатына жат қылық – Бекежанды көмусіз қалдырумен аяқтаған...

⁸ ...туысқа – Тарихи деректер бойынша Бекежан мен Жібек бесінші аталары туысқан боп келетін қандас ағайындар. Қазақ салтында 7 атаға дейін қыз алыспайтын дәстүр барын ескерсек, бұлар бір-біріне ағалы-қарындасты саналатын, яғни, неке түспейтін адамдар боп саналады. Сондықтан, «Қыз Жібек» жырындағы Бекежан бейнесі – тарихи ақиқатты білімсіздікпен мансұқтау ғана емес, ұлтымыздың моральдық заңына, қайшы, әрі арнамысқа тиетін зымияндық деп саналуы тиіс.

БЕКЕТТЕН ҚАЛҒАН БЕС ӨЛЕҢ

Бір асыл – ардақ тұтар атам Бекет¹,
Ол жайлы сөз болғанда жатам ба тек?!
Жүректі бір күдіктен аршымасам,
Қорқамын зор күнәға батам ба деп!..

Шыққасын шындық іздеп жолға мына,
«Тапқыштын» таң қалмаймын «толғамына»².
Бекеттей құдіреттен қалған өлең –
Кім кепіл – дәл осындай болғанына?!

Жазбайды қасиеттілер күнсыз жырды,
Әулием қай ісін де мінсіз білді!..
Қол созса – қор болады,
Асылықпен
Ашам деп әулекілер Үнсіз Сырды!..

Жайқалтып орман қылған бұтақты алуан,
Кезі жоқ Ұлы Өнердің жұтап қалған.
Бекеттен Қазақ деген жамағатқа,
«АҚИҚАТ – АЛЛА» деген кітап қалған!..

Бейнесі орын алар қақ төріңнен,
Бес Жыр бар сол кітапта һАҚ көрінген:
Ақмешіт, Ескі Бейнеу һәм Байшағыр,
Тобықты, Оғыланды³ деп ат берілген!

Білмеймін бұл Бесеуден басқанды мен,
Атамның құдіретін Аспан білем!
Бастарда бәйітімді
«Я, Бекет!» деп –
Парақты дәптеріме тастан тілем!

Шындыққа жыр көрігін үрлетемін,
Бақиға ақиқатпен бір кетемін!

Қор қылмай ит сарыған қағазыңа, Толғауын тасқа жазған Пір Бекетім!!!

¹ Бекет Мырзағұлұлы (1750 – 1813) – Маңғыстауда өмір сүрген әулие адам, Пір дәрежесіне көтерілген сұпы. Бірнеше жерден мешіт-медіресе тұрғызып, өмірін Ислам діні жолына арнап, еліне рухани ағартушылықпен қызмет етіп өткен қасиетті кісі.

² ...толғамына – Атыраулық қаламгер Аманқос Ершуов «Бекет Ата жазып қалдырған» деп, «Пірдің толғаулары» деген атпен баспасөз беттерінде бірнеше өлең жариялаған еді. Бірақ, ол шығармалардың нақты Бекет Атаға тиесілі екендігі әлі күнге дейін ресми түрде дәлелденген жоқ...

³ Ақмешіт, Ескі Бейнеу, Байшағыр, Тобықты, Оғыланды – Атырау, Маңғыстау өлкелерінде Бекет Ата мешіт салған жерлердің аттары. Халық бұл мешіттерді орналасқан жерлерінің атымен атаған. Бұл мешіттерден қазірге дейін сақталғаны: Маңғыстау өлкесінде – Ескі Бейнеудегі және Оғыландыдағы мешіттер. Ал, Атыраудың Жылой өңірінде, Жем өзенінің жағасындағы Бекет Ата салған алғашқы мешіт, Кеңестік дәуірде жойылып кеткен Ақмешіт – XX ғасырдың соңында қайта қалпына келтірілді.



БАРАҚТЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ

Кеудеде бүгін шырқатып Намыс, Ар әнін,
Тұтастығыңды, Елім, танытып тағы жарадың!
Көтеріп көкке жатырсың Ұлттың Ұлы деп,
Сатыбалдының Барағын.¹

Байтақты мынау «мызғымас мәңгі ірге» деп,
Құрбандық соған жаным мен тәнім бірге» деп, –
Кәуірге қарсы қаймықпай шапқан жұрты үшін,
Барақтың орны бір бөлек!

Жанынан жұлып алам деп елдің Алласын,
Жеткенде дұшпан – аттандап шаппау Арға сын.
Батыр ол – Елге басынып келген дұшпанның
Доп қылып тепкен кәлләсін!²

Ойрат пен Орыс Барақ бар елге бата алмай,
Қалтырап қолы, ту сыртынан да ата алмай, –
Ішінен іріп, ішкұса болды қанша жыл,
Үстірттен аттап өте алмай!³

Қарасақ бір сәт көркіне сонау жылдардың,
Сезеді жүрек өрлігін қайсар ұлдардың.
Мына далада басылмапты әлі шаңы да,
Ер Барақ мінген тұлпардың!

Басылсын неге?
Сейілер қалай ол шаңдар?
Шықпаса шаңың – арамза жауың алшаңдар.
Өрлігіңді ешкім өте алмас аттап, бабаңның
Рухына адал болсаңдар!

Бақ қонған кезде тұғырын анық тауып кеп,
Жармаса алмас жағаңа ешбір қауіп кеп.
Кееремет қандай, Барақтың өркен жайғаны
Асау боп және Дәуіт боп!⁴

Сөйлескен шақта тілімен алмас қылыштың,
Ғұмырдың соңын алады болжай дұрыс кім?
Қос батырға мәңгілік бесік болған жер,
Киелісін-ай Тұрыштың!⁵

Батырдың дәуірі кетсе де бізден жырақтап,
Сағынған кезде жетеміз оған бір аттап!
Бақыттымыз біз,
Атадан жеткен Өнеге
Жүректе қалса тұрақтап!

Маңғыстау маңғаз бұлғаса қолын қиырдан,
Үстірттің үсті жолдаса сәлем құйыннан, –
Есінен елдің Барақтың аты өшпейді,
Ұрпағы тұрса аман-сау
Аруағына сиынған!

¹ Барақ Сатыбалдыұлы (1743 – 1840) – табын руынан шыққан батыр, Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі.

² Барақ Сатыбалдыұлының батыр атағы алғаш, 18 жасында (1761) жекпе-жекте торғауыт қалмақтарының батыры Алакөбікті жеңгеннен кейін шықты.

³ 1785 – 1792 жылдары Сырым Датұлы бастаған Ресей отаршылдығына қарсы күресте көтеріліс басшыларының қатарында болды. Сырымның жақын серігі Барақ Сатыбалдыұлы 3 мыңдық жасағымен Орынбор шебіндегі қамал-бекіністер бойында және қазақ даласына жіберілген патша үкіметінің жазалаушы отрядтарымен шайқасқан. Орал әскери кеңесінің рапортында (1785 жылы наурыз) Барақ Сатыбалдыұлының екімыңдық жасағымен үкімет әскеріне қарсы тұрғаны жазылған.

⁴ Барақтың ұлы Асау (1763-1846) мен немересі Дәуіт те атақты батырлар болған. Дәуіт Асауұлының Қарақалпақстанның Қоңырат ауданы аймағында.

⁵ Әкелі-балалы Барақ пен Асау батырлар Маңғыстаудағы Сам құмында Тұрыш ауылының оңтүстік-шығысында, 15 шақырым жерде жерленген. 1993 жылы Барақтың бейітіне күмбезді кесене тұрғызылды.



ДОМБЫРАНЫҢ САНАСЫ

(Күй-толғау)

*Күйші-сазгер – Шәміл Әбілтайдың «Бекет Ата»
күйін оның өз орындауында тыңдағанда.*

...Күмбір етті домбыра, дір-дір етті жүректер,
Кеуделерден ышқынып безіп кетті түнек-шер.

Пернеден үн суырған күдіретті қос ішек,
Алып ұшты сезімді аспанға анау – төсі көк!

Әуен деген тылсымның ұясы – күй-шанақта:
Дүрсілдейді тұяқтар, сусылдайды қанаттар.

Қара тасты қақ бөліп – шақылдайды құрыштар,
Қара түнді қақ жарып – жарқылдайды қылыштар;

Ұлы күшке үн қосып – ұрандайды ұландар,
Шыңнан төмен шаншылып – сорғалайды қырандар.

Сонда жынды жел болып – тау-тасынды сілкілеп,
Құйындатып, біресе, ақ жаңбыр боп дүркіреп, –

Дүбірлеткен кең төсін ен Даланың – Киелі,
Баба-саздан бас алған бұл ғаламат Күй еді!

Бұл ғаламат Күй еді – Домбыраның тиегі –
АҚИҚАТ деп жырлаған Ыақ Жаратқан Иені!

Сол Ақиқат самал боп Жан мен Тәнді өпкенде,
Бір жүректен ұшқан күй мың жүрекке жеткенде, –

Шаттық болып, Мұң болып – қуандырып, қорқытып,
Сол Сырлы Саз әркімді жатты әрқалай толқытып...

...Күрең тартты Қария – жанарға мұң түнетіп,
Сезді ме екен кеткенін небір қимас күні өтіп?!

Жаулығымен бір Әже көз аясын сыпырды,
Немересін бір иіскеп, айтты ішінен «шүкірді».

Қозғалақтап қояды Отағасы – жас кісі,
Делебесі қозғанмен келмейді аузын ашқысы.

Жанарында нұр тұнған ана қаздай Кейуана, –
Қалт жібермей күй сазын отыр үнсіз ойлана.

Алма беті алаулап, толқиды Ару нұрлана,
Жүрегінде жанғандай лапылдап От – бір, жаңа!

Қыран келбет Жігіт те жұдырығын тас түйіп,
Әлдеқайда – қиянға қарап қапты қасқып...

Бейне құтты шақтай бір – Бал елгенде У қашқан,
Бала біткен тым-тырыс – күн таңдамай шуласқан.

– Қайталанбас бұл сәтке тимеген жөн, тимеген,
Тыныстасын Дүние тылсым тілді Күйменен!

Әмірімен Тәңірдің Нұрды – Көктен құйылған,
Өз тілінде сөйлету – Домбыраға бұйырған!

Домбыраға бұйырған – Нақты көру қиырдан,
Сыр болмайды сондықтан сазында оның – сұйылған!

Жерге қағып желікті – күлдірмейді Домбыра,
От демімен шау тартқан күнді үрлейді Домбыра!

Жұмбағына сүңгітіп – күмбірлейді Домбыра,
Уақытыңды – жылжыған – білдірмейді Домбыра!

Дерт біткеннің дауасын тақтан түспей нұсқаған,
Падишасы Өнердің – басынан Бақ ұшпаған! –

Неткен биік, неткен кең Домбыраның Санасы, –
Демін алмай мүлгіп тұр Аспан – Жердің арасы!

... Дала – жым-жырт.

Жел – үнсіз.

Үнсіз ғана тыңдай ма?

Бар тіршілік қимылдан тиыла ма мұндайда?

Дыбыстамай аңдар да,

Ұшпайды құс қалықтай,

Қасиетті үн-сазды тыңдай ма олар жалықпай?

... Таулар жұтып қойғандай жаңғырығын – дауысын,

Су біткенде сылдыр жоқ – тоқтатқандай ағысын.

Толқындарын тұтқын ғып – мөлдіреді тәмам көл,

Ұйықтап кеткен сияқты сабырсыздау самал жел...

Әлем – қазір бейне бір үнсіз, жансыз сүгірет,

Өңінде оның тек қана Қан болып Күй жүгіред!

Жөн десең де жалғанда күн кешуді тұсалмай,

Тоқтар болса мына Саз – көзден бір-бір ұшардай!

Неткен бұл бір қимас сәт – өте шыққан жаңғырық,

Уақыт-сәті – қас қағым,

Қуат-күші – мәңгілік!!!

Отырғанда осылай – ойдың шамын жағып мың,

Амалсыздан «аһ» ұрып дәрегейіне Уақыттың, –

Сәлден кейін шиыршық атып барып күй тынды,

Ғайып болды ғажап сәт,

Елес қалды сиқырлы...

Ғайып болды – қыс күні – түске кірген көктемдей,

Ғаламат Саз Жер – Көкті күймен жуып өткендей!..

Босатты да уыстан күдіретті Күй – Құран,
«Ү – үһі» деді ғаламшар оянғандай ұйқыдан.

Қайта соққан қан тамыр қозғағандай Әлемді,
Бастады айта әр Жанды – өзіне тән Өленді!

– Таулар кетті жаңғырып, сулар акты шуылдап,
Аңдар шықты ақырып, құстар ұшты суылдап.

Сергігендей селт етіп – Жел де соқты уілдеп,
Өркім қостап өз сөзін, жиын кетті гуілдеп.

Біреу жатты жымыып, біреу жатты күрсініп,
Біреу қағып таңдайын, біреу шықты құлшынып.

Үлкен Жолға үздіккен Үмітіне нұр сіңіп,
Қалыбына бұрынғы қайта келді Тіршілік!

...Орман – ойда мен қалдым орынымнан қозғалмай,
Буырқанған бір тылсым бұлттан қолын созғандай!

Бұлттан қолын созғандай – әкелердей аспанға,
Ап қалардай ұйқымды жерге қайта тастарда!..

...Құлағымда – Саз-Кие,
Көзімде – үнсіз Дүние,
Жанның жібін жалғадым Ұлы Рухтың күйіне!..

Күй – күдірет күмбірін кім құлаққа ілмеген? –
Сыбырлайды Ол маған кеп Өзіне Тән Тілменен:

«Ібілістің ізіне У берсе де ермеген,
Адамдығын алтынға айырбастап көрмеген;

Кеудесінде Жан барда бүтіндікті бөлмеген,
АҚ КҮЙІНДЕ қал мәңгі – Ақиқатқа шөлдеген!

Таңда – Мақшар таңында тасқа тимес табаны,
Аласармай алса кім адалдықтан бағаны!...»

Қанқу құмар құлаққа естілсе де бұл ағат,
Күйдің сазы басқаша бере алмайды ұлағат.

«Ардан басқа асылға ғазиз басты име!» – деп,
Сарайына жүректің кірді осылай Күй – «Бекет».

1994-95 ж.



ОТЫРАРДЫ ЕСКЕ АЛУ НЕМЕСЕ ШЫННЫҢ ЖҮЗІ

Жан-жүрегін өртер болса мәңгілік бір өкініш,
Қан жылатып кеткен күнге кім жасайды шегініс?
Отырарым еске түссе,
Тағдырына налалы
Көз алдымда күл болады Берілмеген Бекініс!..

Тағылыққа бас игеннен жоқ болуды жөн көрген,
Қайран Шаһар,
Қандай ауыр қасіреттер – Сен көрген?!
Деректерің – керектерің өзіңмен бір жоғалды,
Не сұраймын үнсіз мынау обалар мен дөңдерден?

Көріп тұрып тағдырдың бұл тоқтау білмес құйынын,
Мен білемін елестерден сыр табудың қиынын.
От жалмаған қайталанбас Кітапханаңмен бірге
Үштен бірі кетті өртеніп Адамзаттың Миының!...

«Жазылмайтын жан жарасы, көзде тұрған күйік бұл»,
Сенің сырың – жалғыз ауыз осы сөзге сиып тұр.
Тәнің жермен жексен болды,
Бірақ қайсар Рухың –
Сені өртеген Шыңғыс ханнан әлдеқайда биік тұр!

Ел деп соққан жүрек еді – Қайырханның наласы,
Қалай ғана ұмытты оны Ұлы Өлкенің баласы?!
Кешіре гөр ұрпағыңды, Ардай Биік Асылым,
Лап еткені үшін тағы Тексіздіктің жаласы!

Темужчинді тәңір тұтқан парасаты пәс қауым,
Біле ме екен өз негізі қайдан алды бастауын?
Қайдан пайда болады екен өшпенділік сезімі –
Өз тарихын мансұқ ету – мұқатқандай қас жауын?!

Қанша қала бұл далада көз қуантып, көрім боп,
Гүлдеп тұрып кетті ақыры қиянаттан қорым боп...

Отырардың қан тамырын қиғаны үшін
Ешқашан –
Адамдықтың құрметінен Шыңғыс ханға орын жоқ!

Тағдырының алдында сәл болғанымен жазалы,
Солғын тартып көрген емес Ұлылықтың ажары!
Ел мен Жердің киесіндей Отырардың өрлігі –
Тирандарға ғашық болған атақ-даңқтың ажалы!

Қайғың кейде саналғанмен ерлігіңнің нарқы боп,
Өз Жадыңды сыйламаудың – айуандықтан парқы жоқ!
Ұлы Дала перзенті үшін Отырарын ұмыту –
Арсыздықтың кеткені бұл ақыл-ойды тәркілеп!..



АНА ТІЛДІ ҚОРҒАУ

Жыр қамалым қирағанда Сел жүріп,
Өртегенде өр кеудемді Шер-Бүлік;
«Менің Ана Тілім – Қазақ Тілі!!!» – деп,
Атойлап ем басып тұрып жерді нық. –

Құлағына ілмей бірақ онымды,
Талай дүлей таптап өтті жолымды.
Дауа таппай мына сұмдыққа сонда,
Жүрек-Намыс жарылардай қорынды.

Аяқ асты... жатса асыл сөз күйреп,
Болмай қайтем морт сынардай, тез күйреп?
О, Тіл-Ана,
Қалай таптың ұл-қызды,
Өз Анасын көзге ілмейтін безбүйрек???

Ана Тілім,
Күнім – алтын арайлы,
Сен емес пе ең жырдан өрген сарайды?!
Сен емес пе ең ұлы өмірге сыйлаған,
Дүлдүл Жамбыл, Махамбетті, Абайды?!

Жерде тұрып жазған анау Айға атын,
Сен емес пе ең аспандайын айбатым?!
Сен емес пе ең,
Танытқан шын өзінің
Әуезов боп алты әлемге қайратын?!

Семсер сөз боп – серпіп бұлтын қайғының,
Жарқыратып Ақиқаттың Ай-Күнін, –
Арпалысып небір зұлмат заманмен,
Бір халықты сақтап ең ғой, Айбыным!

Енді мынау қатал тарих тезінде,
Айтылып тек шер-мұң болып сөзімде;

Миллиондаған ұрпағыңа қарайлап,
Қамқор таппай қамығатын кезің бе?

ЖОҚ! –

Басыңнан кетпес жарқын жылдарың,
Кетірсес те Сен туған сан Жыр-Дарын!
Сенің мәңгі екендігің айғағы –
Менің оққа кеуде тосып тұрғаным!!!

Наурыз, 1993 жыл



БІЗДІҢ СЫР

(Бегабат Ұзақовқа)

Сен де шәйір,
Мен де шәйір – панасыз,
Бізді о бастан солай туған Анамыз.
Арманға да қол созамыз сондықтан,
Арға пенде ғұмырменен ғана Біз!..

«Ойлы адамға қызық жоқ» та, көп «атақ»,
Сыртымыздан сөзбен атып бағады-ақ.
Бірақ, ешкім жанши алмас,
Өйткені –
Рухымыз көкте біздің, Бегабат!

Қағылсақ та дулы ортадан шетке көп,
Бір Нар талап жебеп Бізді – көктеп ек.
Көлеңкеден тайсалғанда талайлар,
Біз тажалмен жүздескенбіз бетпе-бет!

Тәңір сыйы – От Жүрек пен Тіл барда,
Кіріптар боп күн кешпейміз Құлдарға!
Әлі-ақ әркім күрсінеді көз салып,
Бізден қалған дәптердегі мұңдарға...

Табыстырған Біздерді бір қиырдан,
Тағдырда да мейірім бар жиылған.
Бір-біріне сүйеу болу бақыты –
Қашанда тек қайсарларға бұйырған!

Аман тұрса мынау Дала, мына Көк,
Біздің арман таста гүлдер қына боп!
Біз – Қазақтың дәл өзіндей Бүтінбіз,
Кірмейді ешкім ортамызға сына боп!

Асқақ арын саздарынан күй ұққан,
Намыс тұрса жүрекке бұл құйып қан, –

ТУҒАН ЕЛ деп,
Тура сөйлеп өтерміз,
Сертті күні бас кеткенше иықтан!

Найзасының ұшындай боп Халықтың,
Туылып ек,
Оған куә – Жарық Күн!
Жырдың Туы сақтар ма екен киесін,
Бізге көзі түскен кезде Даңқтың?!

...Темір етікті жұқартып сан теңгеше,
Темір таяқты тебен қылдым мен неше?
Ұмытпапты – өлсең ғана іздеуді Ел,
Бұл ғасырдан баға күтпе ендеше!

Шілде, 1994 жыл



МҰСТАФА ӨЗТҮРІК ҚАЗАСЫН ЕСТІГЕНДЕ

(Реквием)

Найзағайдай тіліп өткен түнекті,
Сұм хабардан
Бүкіл Әлем дір етті.
«Енді бізге Мұстафа жоқ...» деген ой,
Жаншып өтті жүректі.

Жаңылысып уілінен жай күнгі,
Жел жылап тұр
Ұққандай бұл қайғымды.
Тағы да бір Арысынан қайран ел
Абайсызда айрылды...

Бір ырғақпен тұрғанымен зырғып күн,
Тартқызары таусылған ба тірліктің!..
Бүгін соған көзі жетіп тағы да,
Көкірегі қарс айрылған мұңлықпын...

– Бейнең – көзде, үнің қалды құлақта,
Жырымдасың – жүрек егер жыр атса!
...Көкжалдары аз емес-ау Қазақтың,
Арыстанның орны бөлек бірақта!

Өрлік отын лапылдатқан кеуденің,
Бір асқар тау еді-ау тұлғаң, беу, Сенің!
Арқаланып Айбарынды шет жерде,
«Мұстафадай нар ағам бар!» деуші едім.

Бұл қайғыдан енді нені аңдайын,
Көкірегімнен шығады енді қандай Үн?
Бұл қайғыдан көрдім бүгін,
Халқымның
Шері жалын, соры қалың маңдайын!..

Тағдыр тағы кермек дәмін татырды,
Жүрегімнен Жанартау-мұң атылды.
Сенің қазаң – Мендей талай ініңді,
Айықпайтын қасіретке батырды...

Ағатай-ау, мынау неткен зіл еді,
Қандай қатал Ажал иттің күрегі?
Ол неліктен Сендей жанның тынысын,
Өзі шешіп, өзі ғана біледі?..

Дос–жолдасқа бола отқа қақталып,
Және жанның көл мейірімін ақтарып;
Жүрген сертшіл ел емес пе ек, ал, сонда –
Қай қылықпен бұл Құдайға жақпадық?!

Қаламымнан шықпай қалды жыр күліп,
Лайланды мәңгілікке бір тұнық...
Адамдарға деген Сенімнің орнын,
Қалды иелеп омырауда бір Күдік.

Солай, Аға,
Сен де, Мен де арманда,
Қалдық енді көніп басқа салғанға.
...Пәк Дүниеде кездесерміз Біз енді,
Бір түкіріп бұл Опасыз жалғанға!!!

18. 03. 1995 жс.



ЖЫР-АРУАҚ

(Мақсат Әлсейітовке)

«Бәйгіден мүмкін емес құр келері» –
Деп,
Өзің – Бесқаланың бір сенері.
Семсердей қында тұрмас, Мақсат досым,
Сен десем – көкірегімді жыр кереді.

Қорғап ең ел намысын талай тұста,
Таңданды ел: «Мынау сөзге қалай ұста?!»
Қазақтың жасын атқан жыр-айбынын,
Лаулата дауылдадың сан айтыста!

Жаныңды өртегесін қан-жоса мұң,
Даусыңды жыр-бәйгеге сан қосасың.
Ойыңда – екпіні бар Ерімбеттің,
Бойыңда – от күні бар Жаңғожаның!

Сөз таппай құр кектеніп – кектенбеске,
Қиқарлау қарсыласың «өктем» келсе;
Сонда мен Сені көрдім,
Буырқана –
Тыңдатқан жырын бірдей Көк пен Жерге!

Тұлпардай болып сонда таң асырған,
«Уай, пәлі!» дегенді естіп жанашырдан;
Шанағын дауылдата домбыраның,
Саусағы оң қолыңның аласұрған!

Боларын бір дүмпудің біліп халық;
Демін де іштен алды тынып қалып.
Ақындық құдіретке қаншама адам,
Қалғандай еді бір сәт құрықталып!

Кеудеде күмбірлеген күйді көріп,
Шідерді Шабыт-Қанжар қиды келіп.

Жарқылдап шындық-сөздің найзағайы,
Өлеңнің ақ жаңбыры құйды келіп!

Отыр ем сен «әу» демей – төзім қалмай,
Қалдым мен сонда сенен көзімді алмай.
Ақынның аруағы қозбайды екен,
Намыстың алауында Сезім жанбай!

Күшімен жанға түскен жарық нұрдың,
Бір жұмбақ шешкендеймін анық бұл күн.
Шындықты шыңыраудан тартып алған,
Досымның кім екенін танып білдім!

Құдірет тудыратын ел сенбеген
Өнерге –
Өрлік қана өлшем бе екен?
Кім білсін...
Бар деуші ед бір Жыр-Аруақ,
Мен бүгін сездім Соны,
Ол – Сенде екен!!!

Көкек, 1995 жыл



АҚЫНҒА ХАТ

(Қалбай Әбдірамановқа)

Армандарың Ай Нұрында жүзгесін,
Қасиетіңе Бізде емес, Түзде – сын.
Ақынсың Сен,
Іздемейсің ерлікті,
Керек болса ерлік Сені іздесін!

Сілкіндірсе сұрапыл бір Сағыныш,
Жұлдыздардай түнді тіліп – ағып ұш!
Жасын боп кір Жалғыздардың жанына,
Бетін жерге басып жатсын Нақұрыс!

Жанарыңды Жанартау-Мұң талдырса,
Жүрегінде айтылмай Сөз қалсын ба?!
Арашашың Ұлы Ақиқат болса егер,
Асқақсың Сен – Ар Сотының алдында!

Саңылау таппай Шындық дерті асқынса,
Ақын ғана жол ашатын Тасқынға!
Біреулердің ғұмыр бойғы арманы –
Эвересттер –
Аяғының астында!

Бетін бұрмай пәнидің таутасына,
Қыран Тағдыр ұшады ылғи асыға.
Ол – тәкәппар амандасып жалғанмен –
Саңғып тұрар құзғындардың басына!

Нар тұлғалар – арғы, бергі Сөздегі,
Жалғандықтың жарлығына төзбеді.
Соған қарап –
Қарғап-сілеп тағдырын,
Қанталайды құзғындардың көздері!..

Күндемпаздың көктен келмес ажалы,
Күннен қашқан – Жаһаннамда жазалы!
Қиянаты бумеранг боп соғар –
Батса кімнің Ақындарға азары!

Егескенге жібермей бір есені,
Таң қалдырған Тағдыр ғой бұл нешені:
Арсыздыққа Ажал Оқ боп туылар –
Асқақтық мен Қайсарлықтың Көсемі!

Қалса да артта жасын күнің, от күнің,
Жырларыңды кернемесін кекті мұң!
Өзің емес,
Дәлелдесін сөздерің
Аярлыққа ақындықтың жоқтығын!

Сондықтанда –
Дақ түсірмей қарқынға,
Жүрек барда ұмтыл шыңға, алқынба!
Сені шексіз жек көргеннің өзінің,
Ойында қал – өлсең – ақын қалпыңда!

10.12.1999 жс.



Шыңға қолың жетпейді,
Кеудеңдегі
Күдіктердің қиратпай тас қамалын!

Біз бар жерде қайғы мен қапалық бар,
Қапалықтың өзінен От алып қал!
Тілеп тұрса Тағдырын,
Құларыңда –
Қыран болып құз тасқа қадалып қал!!!

II

Солай, інім, шындығы солай, інім,
Болат болу – арманы қалайының!
Жыр деген Қан майданның қазанында,
Басы қалған біздейдің талайының!

Қайсарлықтан бас тартпай бәрібір де,
Жасықтықтан тым аулақ салып ірге, –
Жан қалауын табатын жалғыздықтан,
Ақынның Ақиқатпен жаны бірге!

Ақын сөзі – тіл безер дәріс емес,
Ақ сөйлеуде болмайды жарыс, егес!
Арамдықтан, қулықтан ада Болмыс –
Жаратқаннан басқаға қарыз емес!

... Тағдыр кешіп – талқысы тиылмаған,
Арпалысқан күндермен – құйындаған;
Ақындықтың бақыты –
Асқақ бақыт, –
Пайғамбардың өзіне бұйырмаған!

Ібілістің шыға алмай иірімінен,
Шындық қалса жалғанның жүйрігінен, –

Ақын-дағы оянған бір Жанартау,
СӨЙЛЕ! –
деген, АЛЛАНЫН БҰЙРЫҒЫМЕН!

Тірілердің санамай күшін кемге,
Ірілерді ұққан жөн – ісінгенше.
Көр-лақатқа құлайды «құдай-қоғам»,
Айтқандарын Ақынның түсінгенше!

Тар жалғанның болса да тажалы көп,
Безбейді Ақын бәйіттен жазалы боп!
Жану үшін туғандар сөнген емес,
Сөнбеу үшін туғанның Ажалы жоқ!!!



МӘНГІ ӨЛМЕСТЕ СӨЗІҢ ҚАЛДЫ

I

Өрлік жайлы әнімді айтып,
Жалғыздардың жанын жай ғып,
Қайта оралған Рухымды
Лаулатайын жалындай қып!

Үнсіздікті қаламайтын,
Мәрттігіңді бағалаймын.
Сенің қайсар жан-дүниенің
Сардарлығы маған айқын.

Көзімді алмас асқарымсың,
Тебірендірген дастанымсың.
Тасты жарып, тауда өскенсің,
Жұрт білгеннен басқа гүлсің.

Жасын құйып жас дарынға,
Жанғанда жыр аспанында,
Тағдырыңа тамсанғанды,
Дұшпаның да, достарың да!

Жанартаулы кескінсің бе,
Таудан көшкен көшкінсің бе?
Өзіңе де, сөзіңе де,
Келмеді әлі ешкімнің де!

Құшағында ақпандардың,
Жүріп-ақ сен шаттанғансың.
У құйылды ұйқысына,
Саған күйе жаққандардың!

Сен өйткені дерттенгенсің,
Тайсалмауға серт бергенсің.

Пасықтардың
Қурап тұрған
Орманына от бергенсің!

Оңбастай қып жуыр маңда,
Тозақ демі қуырғанда,
Ішмерездер отанының
Сен ең күлін суырған да!

Амал қанша, төзімдіге
Тіс қайрап мұң көз ілді ме?
Сен суырған Жеңіс күлі
Тұншықтырды өзіңді де...

Қайткенде де табам шынын,
Түсінем деп ағам мұңын,
Су сеуіп сол жауыз күлге,
Қол созды інің саған бүгін!..

II

Мақтаулыны мақтамаймын,
Сөзді бөзбен қаптамаймын.
Сенің бағаң
Еншісінде
Басыңдағы бақ-талайдың.

Жанғандықтан жастан бағың,
Ұштың көкке, аспандадың.
Өзің соқтың,
Даңққа толы
Ақындықтың баспалдағын.

Үнсіз жүрген тұйық тұлға,
Айналмайды сүйікті ұлға.
Жырдың туын тіктің барып
Эвересттен биік шыңға!

Сенгенде ел жас періге,
Сендей саңлақ аш бөріге,
Жалғыз қарсы шаптың барып,
Құзғындардың әскеріне!

Құдай беріп саған күшті,
Құдай берген саған сұсты.
Қайран ақын,
Тексіздермен
Табақтас боп бағаң түсті...

Жұрт көңлінің сансыз қарын,
Күреймін деп аңсыз қалдың...
Бірақ бәрі сен жағында,
Мен сияқты Жалғыздардың!

Тұсау салмай төзімге енді,
Шатырлайтын кезің келді.
Ар Семсерін сілтер болсаң,
Жалқы емессің, көзің көрді!

Буды бекем белін жырың,
Тағы көктен көрін, күнім!
Қайта оралды Ақыным, деп
Қол соғып тұр елің бүгін!

Ардың сұрткен көзін қанды,
Мәңгі өлместе сөзің қалды.
Бұл ғасырда таппайды ешкім,
Сендей сыры тосын жанды!!!



ЖОЛДАНБАЙ ЖҮРГЕН ЖЫР-ХАТТАР

* * *

Көз жазба деп ақындықтың ауылынан,
Құлама деп күдіктердің дауылынан;
Қадамымды әр қадағалап Сен жүрсің,
Құсбегідей қыран құсын баулыған.

Орындаймын деп Сенімнің Жарлығын,
Ширығумен өтіп жатыр әр күнім.
Қай биікке жеткізе алам,кім білсін,
Иығыма мәңгі мінген Нар жүгін...

Қандай тұлпар күн туғанда мінерім,
Қандай семсер білегіме ілерім?!
Шын білерім –
Шамырқанған шағымда
Көкке төбе, жерге табан тіредім!

Бұл жалғанда мен көрмеген Жарық көп,
Көру үшін жасау керек жанып көп!
Ақын болған кім бар дейсің жалғанда,
Періштелер мекеніне барып кеп?!

...Жебегенде Меніменен Сендейді,
Сұрапыл жыр шамырқана селдейді.
Қазақ қылып жаратқан соң о баста,
Қанға сіңген Поэзия өлмейді !!!

* * *

Жүректегі – сөнбеу үшін – лапылық,
Тас болады тұлпар мінсең тақымың.
Ғұмыр бойы
Аламанның алдында
Өту деген – Ұлы Арман ғой, Ақыным!

Тұрса бойдан Намыс кетпей, Ар кетпей,
Өлерміз Біз мәрттік жолын тәрк етпей!
Бұл Пәниге келгеніңнен не пайда,
Өте шықсаң жалғыз сәт те жарқ етпей?!

Самғау үшін ең алдымен Көкті біл,
Маздау үшін ең алдымен Шоқты біл!
Сөз Шыңына тікпегенге өз туын,
Жотасында жалғаншының жоқ тұғыр!..

Сор болса да Сұңқар болар – сұңқарлық,
Қор болса да Тұлпар болар – тұлпарлық.
Ат жалынан қолын үзбей жан берер,
Батырлыққа басын тіккен Іңкәрлік!

Серт не керек сергелденде сыналған,
Дерт не керек дүбір көрген мың алуан?!
Тар кеудені тәрк етпесе болғаны,
Болсам! – деген,
Толсам! – деген Ұлы Арман!

* * *

Кіріптар қылмаса да «қантөгіске»,
«Еңбекті сіндіретін» сан сөгіске;
Іштен шықан жау – Мінез кесірінен,
Сыймаймыз:
Сен – Тәшкенге,
Мен – Нөкіске!..

Шалқыса көңіл шіркін Атырау боп,
Бұзады бәрін тосын «шатынау» кеп.
Содан соң айналамыз «күнәһарға»,
«Қай жерден мүлт жібердім, япырау?» деп.

Қалғанда пенделіктен тұяқ талып,
Мінез ғой сездіретін ұятты анық.

Мінезсіз ақын жазған жыр –
Тұрмай ма,
Некесіз туған бала сияқтанып?!

Мінезі тірлігіне сына қағып,
Мезгілсіз іштен талай тынады алып...
Жүректің жарлығымен күн кешетін
Біздерді қашан ұғад мына халық?

...Сан ақыл, сан ғайбатты тыңдап болып,
Қалдырып орнымызға мұнды ап келіп;
Сіңеміз мейірімді топыраққа,
Бәріне жүрексіздің жұмбақ болып!...

* * *

Атпай қалар болсын мейлі таң тіптен,
Таңданбайды ақындарға жан біткен.
Жан біткенге іңкәр емес Ақын да,
Мерген-сынды Ол – иесіз тауда аң күткен...

Пенде ғұмыр – жұрт не десе бас тартпау,
Жүрегіннің тілегінен қашқақтау.
Көптің көңіл-қалыбына сияр ма ек,
Қайран, біздің тағдырымыз асқақтау!..

Біз бір тұтқын – қашып шығып қапастан,
Шет-шегі жоқ көк теңізде адасқан.
Қарай-қарай көз талғасын бекерге,
Қуантпайды бұлт қалқыған ақ аспан...

Жыр оқыса біреу мінбе басында,
Жұрт балайды әрбір сөзін жасынға.
Байқай алмай кетеді, әттен, аңқау ел,
Шын ақынның жүргендігін қасында!...

Жырдан бәйге ап – болар шақта көз құрты,
Ғұмырымыздың тимей қолға өз кілті;

Тағдыр бізді туған жерге байлапты-ау,
Ең алдымен танысын деп өз жұрты!..

* * *

Бар еді айтар сөзім тыңдағанға,
Айналдым құлақ таппай жынды адамға.
Сандығы көңілімнің толған құса,
Жүргем жоқ себеп таппай мұңданарға.

Ессізді ермек қылып, еліктіріп,
Жеңілге жүгіргенді желіктіріп;
Беймезгіл біздің сорға келген Кезді,
Тұрсың ғой, апатай-ау, көріп-біліп!

Біздейге Дарақы Әлем өш қашанда,
Көңілі қиянатпен «хош» қашанда.
Содан ба,
Жек көргенін ол Әбілет –
Бөлмейді Ұл деп, Қыз деп ешқашанда!..

Білсе де биіктерде хақың барын,
Жақсыға жанастырып жақындарын,
«Заманға күйлегендер»
Жүреді ылғи
Шындықтан шетке қағып Ақын жанын!

Тұрса да шамырқанып шер іштегі,
Бармаспын бассыздармен керіскелі.
Сөздерім желбіретіп жүрсе болды,
Жыр деген жүректегі Періштені!

1995-96 жылдар

МАХАББАТНАМА

* * *

О, ғажап,
Жырға гүлін тағып қырдың,
Балқып бір қызуында шабыт-нұрдың, –
Жүргенде
Енді қашан жолығар деп,
Аңсатқан қыз бейнелі Бақыт шіркін, –

Жайғандай бір шұғыла алдан құшақ,
Аймаңдай арайы мол арманға ұсап,
Сен маған кездестің-ау,
Тек мен үшін
Етердей бүкіл мынау жалғанды шат!

Сонда күй
Кеудемдегі шанақтан сан
Самғады,
Сияқты бір қанаттанған.
Дәл сол кез кетердей ед өртеп мені,
Жанарың – жалт етіп бір қарап қалған!

Мұңлы жанның жазатын мол жарасын,
Жүректен, өлсем қалар, сол қарасың!
...Жүректен, өлсем қалар, сол қарасың.

* * *

Жігітті –
Ұқсайтұғын сай тасына
Кез қылып От пен Судың шайқасына,
Қанжарын жанарыңның қададың да,
Кеттің сен дүниенің қай жағына?

Жүректің ұялатып төріне мұң,
Жоғалдың,
Енді емессің көрінетін.

...Енді сол шақтың үмітін сайтан арбаса,
Махаббат болып гүл-өмір жайқала алмаса,
Білмеймін қандай тозақта ғұмыр кешуді,
Түстегі сол сәт өнімде қайталанбаса.

* * *

Айналайын, қаракөз, жадыратар жарығым,
Сен дегенде жанымның жары шаттық, жары мұң.
Жақындағым келгенде жеткізбейтін сағымсың,
Қимасымсың,
Қайтсем де қолым жетпей арыдым.

Жүрегімді жалындай келсе-дағы ұсынғым,
Қорқам қаяу түсер деп көңліне аппақ құсымның.
Жалғыз медет жаныма,
Сенің бір сәт болса да
Толқытқаның таңы боп түн сыйлаған түсімнің.

Талай ару, өр қыздар албыраушы ед алдымда,
Сонда да бір селт етпей қалушы ем тас қалпымда.
Сен дегенде бұл жүрек неге тілсіз?
Білмеймін.
Әлде сенің сәулене мәңгі арбалып қалдым ба?!

* * *

Жүрегімді ұсынып ем,
Ұқпадың.
Тілегімді түсініп ең,
Ұқпадың.
Жаным жылап налынып ем,
Ұқпадың,
Арым шыдап... жалынып ем,
Ұқпадың...

Батыр едім – сезіп тұрдың,
Сүймедің,
Ақын едім – төзіп тұрдың,
Сүймедің.

Жан сырыма күйіп тұрдың –
Сүймедің,
Ән-жырыма иіп тұрдың –
Сүймедің...

Әнің сенің алдамшы ма?
Білмедім.
Сәнің сенің жалғаншы ма?
Білмедім.
Қаның тасқан залалдан ба?
Білмедім.
Жаның тастан жаралған ба?
Білмедім.

Адал жүрек,
Рухы өр,
Кең мінез,
Ақын саған бола қоймас енді кез.
Кеуде-тауды жарып шыққан жанартау –
Мынау, қалқам, саған айтар соңғы сөз:

Өзің ең ғой құдіреті киемнің,
Енді сен боп көкірегімде күйер мұң.
Кездесе алсақ таңдамақшар таңында,
Маңдайыңнан жалғыз рет сүйермін!..



«СЫРЛЫ САРЫН» жыр желісінен

ӨЛІМ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢ

Біреулерді бағындырса құлқыны,
Біреулерді сағындырса сұлқымы;
Мен пәнидің көлеңкесін көп көріп,
Өлім жайлы өлең жазам бұл күні:

«Тасыр тірлік кезде бізге тас атқан,
Ол – құтқарар күдірет қой азаптан.
Өлімді ұлы сыйы деп мен танымын,
Бір Алланың – бізді жерде жасатқан.

Ел айтады, өліп жатқан көп дейді,
Біреу зауал, біреу оны кек дейді.
Ал, шынында –
Азап шеккен жандардың
Керек кезде Оған қолы жетпейді.

Бермейді оны кейде кекшіл жаулар да,
Таба алмайсың кейде құлап таудан да», –
Деп жүргенде Әзірейілмен кездескем,
Ұйықтап жатып, түн ортасы ауғанда.

Ағат болса қоярсыңдар кешіре,
Күлбілтелеп, күмілжиін несіне?
Көргенде Оны,
Жалған дүние тарқызған
Азап, бейнет түсті бірден есіме...

Сезіп жиі оралмасын бұл шақтың,
Көре сала оған бірден мұң шақтым:
– О, Әзеке, – дедім сонда,
– Аясаң,
Қане, алмас қылышыңмен бір шапқын!

Иығымда зіл жүгі бар түйенің,
Әр күн сайын қиянаттан күйемін.
Енді қайта сен келгенше бұл елге,
Күнге аяусыз қақталмай ма сүйегім?!...

Ел кезетін – күндіз демей, түн демей,
Қайран сабаз, қалды бір сәт үндемей.
Деді ол сонсоң:
– Жаратқанның әмірі,
Әлі біраз жасай тұрад кіл кедей!

Одан кейін ұғынып ал мынаны,
Мың жыл тұрған шөлмек бір күн сынады.
Бақи бетке ынтықпасын пенделер,
Жаспен жумай мойнындағы күнәні!..

Соны айтты да Ол кете барды бұрылып,
(Ал, ендеше айтқанының сырын ұқ!)
Жаналғыштай емес,
Маған бейне бір
Атам сынды ақыл айтқан тіріліп.

Демек, ұқпай мойындағы парызды,
Қасиеттен айрылғасын бар ізгі, —
Пенделерді бұл күндері Ажал да,
Таңдап қана құшатұғын тәрізді!..



«ҚАБІРСТАН» ЖАЙЛЫ ЖЫР

– Кенен ақын: «Ақынға қара сөзден өлең оңай» десе-дағы жазылуы қиын, сырын сипаттауға тіл бара бермейтін жайлар да аз емес сияқты ғой! Мысалы, «қабірстан»... Жаза алар ма едің осы туралы?

– Егер Ақиқат үшін жазылуы қажет болса, неге жазбасқа?!

(Досым – Бекен Қожақұлымен әңгімеден)

... Құтылған қапалық пен жабығыстан,
Құтылған аңсау менен сағыныштан, –
Пенденің
Ғазиз жаны жай табатын,
Мәңгі үнсіз қала мынау Қабірстан.

Жер түгіл білетұғын атын аспан,
Қала бұл – Пәни, Бақи қатынасқан.
Біліп ал,
Үнсіз ғана қарсы алатын,
Гүлі бар – мұнды жасыл Адыраспан.

Ойланбау – кім де болсаң – күшіңе сын,
Көңіліңді сабасына түсіресің.
Өмірдің қысқалығын, нұсқалығын,
Қабірге қарап тұрып түсінесің!

Бұл жердің ойға берер нәрі бөтен,
Шипасы – айықтырғыш дәріге тең.
Пәниде – теңсіздіктің алуан түрі,
Бұл жерде бала, дана – бәрі де тең!

Бұл қала тапал менен иықтыны
Теңгеред, жадына қой түйіп мұны.
Бұл жерге Сауап пенен Иман керек,
Түк емес кесененің биіктігі!

Бұл жерге –
Бітіре алмай ештеңені –
Біреу ерте, ал, біреу кеш келеді...
Қастығын тірі жанға көп қылғандар,
Қарауға бұл Қалаға сескенеді!..

Бойсынып бұрынғыдан жеткен сөзге,
«Дүние – жалғандығын» шерткен сөзге;
Жақсылар басын иіп, дұға қылар,
Тұсынан бұл Қаланың өткен кезде!

Бір тылсым айбат беріп тұл далаға,
Бұл Қала – мызғымайды зілзалаға!
Байлық жоқ,
Қызғаныш жоқ,
Дау-дамай жоқ,
Тек қана Ақиқат бар бұл Қалада!

Жеткенде соған көзім толғанамын,
Селт етіп өзімді өзім қолға аламын:
– Ақиқат бізді қалай қарсы алады,
Қақпасын қаққан күні сол Қаланың?!.



АЖАЛҒА АРЫЗ

(Інім Бауыржан қайтыс болғанда)

«Кәріні ал, жасты әрқашан саламат қыл»,
Сөз емес, жүректегі жарақат бұл...
Үш Жанды Он Бес жылда алып тындың,
Ал, Ажал, осыған да қанағат қыл!

Үш рет құйыныңды айдап келдің,
Үш рет қылышыңды қайрап келдің.
Көл болып көздің жасы,
Жетегіңе
Екі Ана, бір Бауырды байлап бердім!..

Тағдырдың тас құшағын сезген басым,
Үш рет көл ғып төкті көзден жасын.
Неліктен қайта-қайта ауырлаттың,
Бақидың біз дегенде безбен тасын?!

Еткенмен болған іске шүкіршілік,
Барады қайғы – шайтан күпір қылып.
Екі рет келгеніңде үнсіз көндім,
Көрсеттім Үшіншіңде – бүгін қылық...

Заңына Жаратқанның шара бар ма,
Бұйрықты күні жерде пана бар ма?
Өртеніп өлең жазбай мен қайтейін,
Жанымда жазмыш салған жара барда?!

«Тілегім – деп жүргенде, – Тапты көкті!»
Қара түн шаңқай түсте жапты көкті.
Тосыннан, ту сыртымнан берген соққың,
Шынында, мына жолы қатты соқты!

Қаңқамды қаңбақ қылып лақтырдың,
Қаңтарда кара жерге құлап, тұрдым.

Тұрдым да,
Бағасы жоқ асылымның,
Мәңгіге жоғалғанын бір-ақ білдім...

Амал не, тағы қайта түргелермін,
Қайғыны көтерем деп жүрген ермін.
Алайда, осы жолы сан арманды,
Бейітке бауырыммен бірге көмдім...

Жатқанмен анасынан туып бүгін,
Талайға төрден көрі жуықтығын;
Сезіндім, ұқтым шындап,
Көрген кезде
Сұсыңның жан шошытар суықтығын!..

Тіріге төлеп болсам қарызымды,
Өтермін мен де бір күн парызымды.
Ей, Ажал, бір оқып көр,
есігіңе
Шерменен жазып кеткен арызымды!

Жалғаншы жымығанмен «жарықпын» деп,
Шаттықтан, келіп тұрмын, «тарықтым» деп.
– Елу Жыл есігімді ашпай кетші,
Маңайын әулетімнің баспай кетші;

Тірліктің талқысынан қажып болып,
Темірдей отқа түскен жасып болып;
Барайын өз еркіммен араныңа,
«Баянсыз бұл пәниден жалықтым» деп!

21.01.2002 ж.



ҚАН ҚЫСЫМЫМ КӨТЕРІЛГЕН ТҮНГІ ЖЫР

(Жарымды жұбату)

Жүрек жалғыз,
Қайғы – мың,
Қуаныш – мың,
Қан майданның отына туа түстім.
Қан көбейіп барады – У көбейіп,
Екпініндей есерсоқ, бұла күштің!

Көрінбейді ешбір зат көзіме сау,
Қызыл бәрі – лаулатқан сезім-алау.
Бір тамшысын төкпеп ем босқа мұның,
Енді міне, өз қаным – өзіме жау!

Жоқ, жау емес,
Бұл, бәлкім, алжасқаным,
Қаным менің – қаһарлы алдаспаным!
Мен түгілі,
Күннің де кей кездері –
Көрмеп пе едің қабағын қан басқанын?!

Жан жарым,
Бұл үшін Сен мұңға батпа,
Қайтер ең тағдыр Мені шындап атса?
...Ақиқаттың бейнесі ҚАНдай қызыл,
Көрінеді Ол тек қана сын сағатта!..

Тұрса болды жалғыз-ақ жүрек аман,
Дертіммен де жанымды түлете алам.
Лирикамды қан қызыл түске бояп,
Шақтарымды – шуақты – жыр ете алам!

Қаным менің – қайсар да қасіретті,
Ол туласа жанымды жасын етті.

Қан жетпеген жандарға Ән жеткізіп,
Түнек-мұңның төбесін басып өтті!

Қорықпа,
Менің қаным – Шындық қаны,
Шындықтан қорқады әлем сұмдықтары!
Қайсарлықтың ұстап тұр асқақ туын,
Көп төгілген Ақынның мұңлық қаны!..

Серт сақтаудан сол үшін бұлжытпаймыз,
Табаңды сәл де кейін жылжытпаймыз.
Қапыда қанға, бәлкім, боялармыз,
Қанға бірақ ешқашан тұншықпаймыз!

Жалғанның ыстық қаны Біз болғанда,
Айналмайды тіршілік Мұз-қорғанға!
Қаннан шығып,
Қан қызыл жалын шашқан –
Ақындықтың рухы – Ізгі арманда!

Ақпан, 2000 ж.



**ҚҰЛПЫТАСТАН ҚАШУ
НЕМЕСЕ
ЭПИТАФИЯНЫҢ АЗАБЫ**

Айғақ кеп жата ала ма тереңде тек,
Ақ сөзді ұқпағанды керек дер ек.
Санамыз сөз сырына сарсылмаса,
Табамыз бұл дүниеде неден көмек?!
Жүрекке жылу берген Жыр – Періште,
Неліктен көрінгенге көгенделед?
Неліктен Ақынды адам демейтіннің,
Өлген соң «көк тасына» өлең керек???

Жазам деп итке де жыр өтінгесін,
Жыр сыйын ақын қалай кетіrmесін?
Ойлайды ол:
«Марқұм да бір жетім ғой» деп,
«Жалғанда жүруші ме ед жетімге сын?»
Бермесін тәңір сәлем қайдан білсін,
Ұрпағы сол «жетімнің» жетілгесін.
... Тағдыр да ақынды аяп жатырған жоқ,
Біреуге бекер жасы төгілгесін!

Болғанмен қаншалықты тіл батыры,
Кетеді кесірліге жыр қадірі.
Тұлпармен су тасуға арланбайтын,
Елдегі ессіздіктің бұл да бірі.
Әлі де көп – ақ шығар көреріміз,
Надандық біз кеткенше тұрса тірі!
... Қалада Ханға сәлем бермейтұғын,
Далада қирап жатыр Жыр Шатыры!

Жандаймыз кей кезде біз жазалы бір,
Кеудеде ыңырсиды назалы сыр.
Әспеттеп қайдағы бір қадірсізді,
Қаламға бермедік-ау мазаны бір!
Қараны аққа балап «ақ пейіл» деу –

Шабыттың – шамырқанған – ажалы бұл!
...Ақынның аласұрған жүрегіндей,
Көк тасқа көнбей тұрған азалы жыр.

«Жалғанның іші басқа, сырты басқа,
Қыранның құзғындардан тұрқы басқа.
Ұғымдар – асыл деген, жасық деген
Ешқашан туыспайды – ұлты басқа!» –
Десек те шындық сүйген жүрекпенен,
Қондырмай жатыр заман кімді тасқа?!
«...Ақынның күнәсін кеш, Аллам!» деймін,
Қашалған өлең көрсем құлпытасқа!..



КУРСТАС ДОСПЕН ҚОШТАСУ

(Жанахмет Әлмұратовқа)

...Білдім бүгін жалғанның жалғандығын,
Бір тілектің қиылып қалғандығын.
Ажал сенің қолыңа кісен салды-ау,
Өз еркімен тәрк етер жалғанды кім?..

Жаннан кетер қайғының мұзы қайтіп,
Жан жарыңның жылиды жүзі қайтіп?
...Енді екеуіміз Пәниде сырласпаймыз,
Студенттік күндерден «қызық айтып».

Үлгі етсе де тағдырдың үйреткенін,
Жыр жылайды – шаттығын күйретсе мұң.
«Бір кезде мен жаныңда бар ем ғой...» деп,
Альбомымнан қарайды суреттерің.

Ол күндерден енді тек елес қалды,
Артымызда біз басқан белес қалды.
Өткен жағын өмірдің қайтару жоқ,
Жұлқысаң да жүз рет жер, аспанды!..

Өмір құнын білмейді аңсыз, надан,
Жігіт ең – жанды мұңға алғызбаған.
Тумай жатып тағдырдың соққысын жеп,
Жылап қалды-ау артыңда жалғыз балаң!..

Көзді жансыз бейнеңе тіреп тұрып,
Соны ойласам қалады жүрек тынып.
Әкесі бар балаға қараймын мен,
Ұзақ өмір ұлыңа тілеп тұрып...

Жүрген шақта «бағы енді жанады» деп,
Сені қалай ап кетті ана түнек?

...Қара жердің сұп-суық құшағына,
Қимай тұрмын өзінді, Жанахмет!..

Еліткенмен арманың жарық Ай боп,
Бітпей қалды ертегің «бәрі бай...» боп.
...Мен де нүкте қояйын мына жырға,
«Досшыл жаның ұлына дарығай!» деп.

2002 жыл



МЕН ҮШІН БАҚЫТ ДЕГЕН – КӨНЕ ЕРТЕГІ

(Досқа жазған хаттардан)

* * *

Деу үшін асқақ үнмен «Ахметпін!» –
Жүректі жазаладым – ақын еттім.
Пасықтың ғұмыр бойы қолы жетпес –
Келді бір – зеңгір көкте ағып өткім.

Көгіне көз тіккелі Жыр-Шындықтың,
Көргендей едім шетін бір сұмдықтың.
Алайда, ақиықша күн кешем деп,
Ақыры кидім кебін құр мұндықтың...

Көкжалға айдалада ұлу – қорлық,
Жігітке орта жолда сыну – қорлық.
...Бір ағам мені Сынақ Алаң қылса,
Бір ағам талап етті рупорлық!

Дарыным – дарын емес, пәле болды,
Арыным – мінез емес, жала болды.
Қарымым – біреулерге қорқыныш боп,
Жалыным күйдірді ылғи алақолды.

Жайымды ұғып жатқан Ірілер жоқ,
Ұққанда сүрінбеске сүрінер ме ек?!
Тұсымнан өтеді жұрт қырын қарап:
«Әуелі – ақын емес... тірі бол...» деп!..

Заманда – ақ-қараны таңдатпайтын,
Қанжарын қайтады әр күн қандап қайғым.
Тек қана сорлы жүрек жан серігім,
Кірбіңін қабағымнан аңдатпайтын...

Аспанның аруларын құшып келіп,
Ақын боп жүргенімше ұшып-қонып;
Қалмадым түсіп неге сонау шақта,
Анамның құрсағынан түсік болып?!...

Өлең деп өз ортама жат болдым мен,
Болат ем жарқыраған, тат болдым мен.
Жылуын сыйлаймын деп жырдың жұртқа,
Айрылдым алау шақта шат көркімнен!

Түсем деп енді бүгін орға қашан,
Дүрсілін жүрегімнің зорға басам.
– Ей, Тағдыр, қайтер еді, бір қайсарды
Мезгілсіз меңіреулікпен қорламасаң?

...Сырым осы – оранған жарқылға бір,
Түсінсең, ей, бауырым, талпынба құр!
Азуын айға білеп арам қатқан,
Бір Көкжал, жөндеп қара, алдыңда тұр!..

* * *

Ісінгенмен көкірек аяққаптай,
Ісімнен мен жүрмін-ау тоят таппай.
Жүрегімді жүз қайғы жұлмалайды,
Алғашқысын соңғысы аяқтатпай.

Білгің келсе бұл күнде қандайымды,
Оюмен жүр тұзды су таңдайымды.
Иығым сыйғанымен басым сыймай,
Қапыға күнде ұрамын маңдайымды...

Жырымды ұққан жайымнан аңдар дерек,
Мына жұртқа күлкі емес, жанжал керек.
Жүдеген жүрегімді көрсетер ем,
Ол сыртқа шығу үшін қанжар керек!..

Жүргендей айналысып жорта мұңмен,
Жұртқа жыр оқуға да қорқамын мен.
Көңлінен қамсыздардың қалай шығам,
Ұғылмас қайғысызға сортаң үнмен?!

Апыр-ай, аңдағанға ақын ем ғой,
Мойныма жырдан дұға тағып ем ғой!
Өлеңім өз ортамнан аластады,
Бар екен көрмегенім тағы нендей?

Жоқ, әлде...
Қайғы деген сауысқан да
Жемтігін менен басқа тауысқан ба?
Яки... мен туылғанда ұйықтап құдай,
Біреудің соры маған ауысқан ба?

Ұқпаймын, ұға алмаймын осы арасын,
Жүйкем жүн – бір шегесі босағасын.
Күл қылған тас тұғырын төзімінің,
Жаббар-Ғақ біздейді енді жасамасын!

Сөз айтсам көрді көрген адамдай-ақ,
Болғаны маған әрбір қадам – таяқ.
Жалғанның запыраны өртер бір күн,
Төкпесем Жүрек деген Отанды аяп!...

* * *

Ұрғандай ұждансыздың қақ басына,
Шарам жоқ шын сырымды айтпасыма.
Оңбай тұр гүлдей қурап жас ғұмырым,
Болмай тұр тірлік уын татпасыма...

Назарын салмағасын тектілерім,
Мазак – үн түбіме ақыр жетті менің.
Бастаған ісім жанбай, бықсып жатыр,
Мен қашан найзағай боп көк тілемін?

Түйрелмеу үшін тексіз тебеніне,
Бірза едім атаукере жегеніме!
Іргемді аулақ салып реңсізден,
Көнбеп ем Ит-Тірліктің дегеніне...

Шынымен сұрбет күннің жеткені ме,
Қамсыз шақ қас қағымда өткені ме?
Қайғысы мүлде бөлек мылқаулардың,
Аяусыз айналдым-ау теппегіне!

Жанымда жақыным жоқ шын берілген,
Аңкиды тозақ исі үн – демімнен.
Бармақтай – жүрегімде – шоқ бар еді,
Сындырды-ау соған дәрет кім көрінген!

Төгілген жүрегінен жыр нөсері,
Бұл досың – бүгін күлдің бір кесегі.
Маңдайлы болып туған жігіт болса,
Иттер жеп сыбағасын жүрмес еді...

Бұлт басқан күннен қалай нұр жетеді,
Құт қашқан жерден түгін бұрқ етеді.
Жүрегі жұртқа бұрып соғатындар,
Қалайша бұл пәниден құр кетеді?

Жандай-ақ «өмірі – жаз» сайрап жүрмін,
Басымды неге болсын байлап жүрмін.
Сақтанбай, саспай, қашпай, сескенбей де,
Ажалмен аударыспақ ойнап жүрмін.

Мың іс бар шешілмеген бір басымда,
Періштем үрейленіп жүр қасымда.
«Бақиға сендей қайсар қажетсіз» деп,
Менімен қоштасты Ажал бір ғасырға!

Жан едім жұлдыз шашқан өнердегі,
Мен үшін Бақыт деген – көне ертегі.
Мың «қазақ» табытымнан теріс айналса,
БІР ҚАЗАҚ іздеп келіп көмер мені!!!

ЖАРАЛЫ КИІК

(Поэма)

*Жастық шақтың серігі, жарқын шақтың куәсі;
Сырлас іні, сырбаз дос – Әзім Тұрсынбайұлына
арнадым.*

I

Арқаны бетке ап барады жаралы киік,
Жаралы киік – жан-тәні қаралы киік.
Жанына түскен түскен жарасы жазылмастай ма,
Бірақ та басын тік ұстап – барады Биік.

Артына сірә бұрылып қарамайды бір,
(Болмысы, бәлкім, өзі өскен даладай қыңыр?!)
Тірліктен мүлдем торыққан түрін көргенде,
Жүректі – қанмен жазатын – аралайды жыр...

Басылып қалды көп ойлар – желіккен сансыз,
Қимылы неге ажарсыз – деміккен, әлсіз?
Шет–шексіз мынау даланың еркесі – еркін,
Арқаны бетке ап барады неліктен жалғыз?

II

...Сол күні аспан түнеріп тұрды күн батпай,
Сол күні аспан түнеріп тұрды тіл қатпай.
Сол күні аспан қабағын үйді, ескертіп –
Табиғаты ертең қоймайтындығын жын қақпай...

Ұғынып сырын ерте жабылған түндіктің,
Кешерін ертең панасыз күнін мұңлықтың;
Сезгендей, шетте жайылмай тұрды бір Киік –
Алдын орауды ойлап бұл сойқан сұмдықтың.

Бұл киік – мына топ киіктегі Теке еді,
Оларды небір қырғыннан сақтап кеп еді.
Таба ма айла келе жатқан бұл дүлейге?
Қиналып тұр Ол сөгіліп тырнақ көбесі...

Кірпігін қақса төгілгелі тұр жастары,
Хабарлап мұнды тұрысы анау аспаны!
Жетпейді көзі, күтетін бақ па, сор ма алдан.
...Ақыры ол бәрін Құбылаға қарай бастады.

III

Кең дүниені ең алғаш рет тар көріп,
Келеді бәрі Құбылаға қарай сар желіп.
Жонарқалары суықтан тондап қалса да,
Кібіртіктеуді келеді олар ар көріп.

Барады алда текірек қағып Текесі,
Текесі – бір топ киіктің қорған – көкесі.
Түн бойы тынбай зуылдап келе жатса да,
Көрінбейді әлі бір елдің сірә төбесі...

Табиғат, неткен қатал едің сен соншама,
Қысың да келді-ау бейбіт өмірге қол сала!
Даламның жүйрік перзентін жүдетпесеңші,
Көрсетер басқа қылығың құрып қалса да!

Қарашы оларға, сүйегін суық сыздатты,
Тebініп жейтін шөптеріне де мұз қатты.
Көзін ашқалы бұл сорлылардың тағдырын
Аңшылар, аңдар, борандар талай тұздапты...

...Тұрғандай бейне алдынан күтіп арайлы ел,
Келеді жүйткіп, қалдырып артта талай бел.
– Сендерден пана іздеп келеді топ киік,
Адамдар, оны, аяй көріңдер, аяй көр!

IV

...Сол күні қалың – тізеден келер қар жауды,
Біреуге – шаттық, біреуге – батпан сор жауды.
Сол күні түнде түс көрді ұзақ қарт аңшы,
Қансонар күні білмейтін ешбір шаршауды.

Түсінде аңға шығыпты дейді жақынға,
Кез бопты дейді мыңдаған киік-ағынға.
Тиеді дейді мылтығы ешбір мүлтіксіз,
Көздемей жәй-ақ кезеніп атқан шағында.

Дәл солай мың сан киіктер қанға батқанда,
Саулаған қаны арықта мұз боп қатқанда;
Көріпті дейді аңшы бір Теке киікті.
Мылтыққа тағы қос оқты салып жатқанда.

Қашпайды дейді ажалдан басын қорғалап,
Көзінен жасы тұр екен судай сорғалап.
...Мылтықтың барлық темірі еріп кетіпті,
Киікке аң-таң қалғанда ұзақ ол қарап.

Сезгенде соны аңшының көңілі түнерді,
Қозғала алмай қалыпты аттай шідерлі.
Кәрі жүрегі талықсып кетіп сол сәтте,
Бар даусыменен айқайлап келіп жіберді!

Сол айқайынан оянып кетті ол табанда,
(Тұрғандай жақын бір құлама құз тап алда.)
Көңіл-сарайы құлазып қалды біртүрлі,
Қалғандай жалғыз бейнебір елсіз жапанда.

Аң атса бұрын жүрегі бір сел етпейтін,
Көзіне түскен аңды атып алмай кетпейтін.
Неліктен бүгін қобалжып отыр таң атпай,
Келді ме кезі бұл істе өзін шектейтін?...

V

...Қалдырардай боп артына барлық бүлікті,
Табардай алдан пана боларлық бір ықты;
Қиянан қажып келатқан бір топ киіктің,
Таң саз бергенде тұяғы елге ілікті.

Қақаған қыста сорғалап тері сауырдан,
Безіп жеткесін қаһарлы, қарлы дауылдан;
Қораларға кеп сүйеніп тұра қалысты,
Еш қауіп күтпей тым-тырыс мына ауылдан...

VI

...Таң атты. Аңшы болды да тез-тез жуынып,
Қамданды аңға алды да белін буынып.
Түн бойы өзін сан түрегелткен сескентіп,
Әсерінен де қалыпты түстің суынып.

«Кім білсін, бұған мүмкін бұл соңғы қан сонар,
Кім білсін, мүмкін соңғы рет бүгін аң соғар.
Бір түс көрдім деп тұра алмай қалса төсектен,
Соңынан, бәлкім, өкініп мәңгі сан соғар...»

Осы ойлар оны сергітіп біраз санада,
Шыққанда аңшы «бісіміллә» деп далаға, –
Көзіне сенбей таң қалды бір сәт, о,тоба,
Қос киік келіп ықтап тұр екен қораға!

«Апыр-ай», – деді ол, – Түсім бе, әлде, өңім бе,
Олжа ғой мынау түсінген жанға, тегінде!
Жоқ, әлде, менің ана бір жылы абайсыз,
Ата алмай қалып киікте кеткен кегім бе?

Қайратым кеміп, жеткенде тақтан құларға,
Есеңді қайтар деп жіберді ме екен бір Алла?»

Сан ойлар келіп соққылағанда, қанды қол
Қос оқты салды қандыауыз – қатал құралға...

Атайы аңшы мылтыққа оқты салмасын,
Мүлт кету сирек – мылтыққа оқты салғасын!
...Қос киіктің де қақ жүрегінен қадалды,
Қандыауыздардан қайнап атылған қорғасын!

Жүрсе де небір қуғын-сүргінді көп көріп,
Көрмеген ешбір тірі жандыға кектеніп;
Адамнан пана, мейірім күткен қос мұңлық
Кірпіктерін бір қаға да алмай кетті өліп...

VII

...Гүрс-гүрс дауыс – жаңғыртып дала, тауыңды,
Гүрс-гүрс дауыс – оятты бүкіл ауылды.
Гүрс-гүрс дауыс – мылтықты барлық оқтатып,
Гүрс-гүрс дауыс – тұрғызды қырғын-дауылды.

Мылтығы бардың барлығы тысқа жүгірді,
Сорлы киіктер қуыс-қуысқа тығылды.
От шыққан сайын қандыауыздардан оқ бүркіп,
Киіктер бір-бір дәрменсіз жерге бүгілді...

Олай қашса да тозақтың даусы естілді,
Былай қашса да тозақтың даусы естілді.
Аяусыз ажал қолдарына кеп, өздерін
Байлап бергенін қайран жүйріктер кеш білді!...

Араша тілеп адамға олар құр келді...
(Жана шыққан күн бұлт-көрпесін бүркенді...)

...Қырғынға себеп – қан жұтқан Теке,
Сенделіп

Жанынан безіп өлімге қарсы жүрді енді!

Ғұмыры өткен аңдарға ылғи өш болып,
Қарт аңшы бұл кез қырғынан тұрған сескеніп.
Мылтығының да оқтарын алып тастап ед,
Көкірегіне мейірім сезім кеш келіп.

Сондықтанда ол Текені көріп сел етті,
Еркіне тұрмай қалтырап екі қол кетті.
Көк тұман болып, бұлдырап алды көрінбей,
Еріксіз көзі өкініш жасын мөлдетті...

Сілкілеп басын өзіне зорға келгенше,
Маңайын шолып Киікті қайта көргенше, –
Шүріппесін де басып қалыпты бір ойсыз,
Қарт аңшы енді атпауға әмір бергенше...

VIII

Тарс етті мылтық – бір сілкіп Ажал дауылын,
Киікке арнап өшпенділіктің ауырын.
Кеудеге беттеп ұшқан оқ бірақ... кенеттен
Бұрылып кетіп Киіктің тапты сауырын!

Атқан-ақ еді жүректен көздеп жас бала,
Жас бала – мылтық ұстағанына мас бала!
...Көк түтін тарап, қолдағысына қараса,
Қандауыз құрал... қисайып қапты... Маскара!

Сол кезде оның жанында тұрған Қарт аңшы,
Жүректе қолы, көзінде жасы бір тамшы;
– Өттең-ай, – деді, кеудесін кере аһ ұрып, –
Түсімде ғана көргенімде ғой бұл таңды...

Айтты да Ол соны құлады жерге сылқ етіп,
(Туған жерінің топырағы бір сәт бүлк етіп...)
Түсінбей түкке аңырып қалды бозбала,
Шошынды қатты – балауса жүрек зырқ етіп...

Шошынды қатты – беталды қаша жөнелді,
(Есінді, сірә, жия алармысың сен енді...)
Ал, Киік болса, ақырғы демін тақалған
Аңшыға келіп айтып тұр мына өленді:

– Жатсың ба, Аңшым, жұмғалы мәңгі көзіңді,
Азырақ шыда, айтайын соңғы сөзімді!
Есіңе алып жатқан да, бәлкім, боларсың,
Аң біткенге анау – қырғидай тиген кезіңді.

«Мергендік – ердің маңдайындағы бағы» деп,
Жаратқан саған беріп ед ерек қабілет.
Жыртқышқа жұмсар оғыңды бізге жұмсадың,
Кеуденді билеп, күнәға сүйреп Әбілет!

Жаратқан бізді қылғанын азық адамға,
Біледі тіпті, бейсана пақыр, надан да.
Алайда, тағдыр сорлатқан түздің тағысын,
Мұншама қырып, шаттанатындар – Адам ба?

Панасыздарға өктемдік етіп жалғанда,
Зауалдан оңай құтылып кету болған ба?
Ойландындар ма,
Жәудіреп тұрған киіктің
Қан-жоса қылып мүйізін шауып алғанда?

Сондарына бір жүргендей бейне Жын еріп,
Шетіңнен бәрің алыпсындар-ау түнеріп.
Шыбын құрлы да көрмедіндер-ау,
Біздерді
Тік тұрған күйде тамақтан орып жіберіп!

Аңына түздің қарардай мұнша кекпенен,
Мейірімдеріңді не болды сонша шектеген?
Санасы бар деп – панасы бар деп жеткенде,
Ата дұшпандай қарсы алдыңдар-ау оқпенен!

Деген тілекпен «қиналған шақта сүйеңіз»,
Адамға келдік – бір болғандықтан Иеміз!
...Қорғансыз едік... қорладыңдар ғой...

Ендеше –
Көрлерінде де қоймайды тыныш Киеміз!...

Жан жарасына табарсың қайдан дауаны?
Бұл – Ақиқаттың мәңгілік жалғыз сауалы!
«Асқанға – тосқан...» демейтін бе ендер,
Шын болса,
Бір соқпай кетпес төгілген қанның зауалы!...

IX

...Зуылдап уақыт, сырғыса жылдар тізбегі,
Өзгереді екен үйдегі түгіл түздегі.
Дәл қазір менің есіме де алғым келмейді,
Сонау бір кезді – бұлдырап қалған іздегі.

Жүрегің жақын болғаныменен шындықпен,
Кейбір жайларды әңгіме қылу – мұң тіптен.
...Киік қырылған сол оқиғаның ақыры,
Аяқталған-ды естуге қиын сұмдықпен.

Жүрекке түсіп қарғыстың ауыр салмағы,
Аңшыны сол күн Айдаһар Ажал жалмады.
Онымен бітпей, аз ғана жылдың ішінде,
Артында Қарттың жер басқан ұрпақ қалмады...

Ал, анау Бала – Текені атқан бозбала...
(Тірлігін оның тірлік деу – жай бір сөз ғана!)
Еліріп ылғи ауылдан қаша беретін,
«Шақырып тұр, – деп, – құшағына анау боз дала...»

Пәниден безіп, асыққан жанды көріне,
Шығарушы ма ед бақыттың тағдыр төріне?

Боранды түнде бел асып кеткен сол Бала,
Жем болды ақыры құтырған бір топ бөріге...

X

Тағдырдың сыны болады кейде тым қатал...
(Тым қатал тағдыр үкімін шындап тындатар).
Жанайқайға да салмайтын көздің қиығын,
Жалғаншы кейде миллионға кең де, мыңға тар!..

...Қарайып көңлі, жүректе болса оты кем,
Еліргендердің – ет кесер Зауал – етінен!
Панасыздарды қан-қасап қылса кім де кім,
Жоғалып тынар біржола жердің бетінен.

Жойылмас қалай: заманы кетсе құбылып,
Зұлымдық жеңіп, мейірім туы жығылып.
Үміт пен Сенім жатқанда бордай үгіліп,
Дәуірдің сыры тұрушы ма еді ұғылып?!

Жамандық соңы бітуші ме еді жақсымен?
(Жазмыш та араз болжампаздармен, бақсымен.)
Адамдық сезім қала ма құздан құламай,
Жала мен Пәле қол ұстасқанда Нәпсімен?!..

«Адал бол» деген кірмесе де ақыл құлаққа,
Аз ғана ғұмыр – берілген бізге сынаққа.
Жол ортасына жете алмас, жетпес талайлар,
Жетуі тиіс болса да талмай жыраққа.

Табиғат заңы – біз білген заңнан басқарақ,
Басқарақ заңның болмайды көзі ашқарақ!
Қанағат, Ынсап патшалық құрар кеудеге,
Қажеті қанша ертеңі бұлдыр басқа Бақ?!

Өтеді күндер тар кезеңдерде тарыққан,
Өтеді түндер жақсылықты аңсап зарыққан.

Ілгері күннен үмітің болса, бауырым,
Көз жазып қалма көкіректегі Жарықтан!

XI

...Арқаны бетке ап барады жаралы киік,
Жаралы киік – жан, тәні қаралы киік.
Пана іздеп жеткен жерінен қарсы алып тозақ,
Жүрегі жанып, бауыры – барады күйіп.

Елестей болды басында бақ тұрған күні,
Күткен жоқ еді ешқашан тағдырдан мұны.
Өртейді ішін, үзбеген үміттерінің
Құлама құздан аяусыз лақтырғандығы...

Тамырда қаны сенімді ағады шектеп.
Қан қатып қалған жүрегі соғады кек боп,
...Мәңгілік енді ол өтеді кінәлап Өзін,
«Даласын тастап кеткеннің обалы жоқ!» деп.

XII

Қол салып отқа – күйсе де білегі шоқтан,
Зұлымдықтарға сала алмай тілегі тоқтам, –
Адами қоғам келеді қасірет шегіп,
Қасірет шегіп келеді жүрегі жоқтан.

Ішер суыңның, жұтатын ауаңның мәні,
«Арналған кімге?» дейтұғын сауалдың жаны.
Ұқпайтын соны дүние-малдың құлдарын,
Аяған емес ешқашан Зауалдың заңы!

Саналы болу – басқадан асқаның емес,
Тар болса көңіл биіктік – аспаның емес!
Шапағаттарға бөленіп, арманға жету –
Өзіңнің ғана қолыңда, басқаның емес!

СӨЗДЕРІМ ӘЛІ ТӨРЛЕЙДІ!

* * *

Заман – дауыл,
Мен – қайық,
Уақыт қатал болғасын.
Алдымдағы жол ғайып,
Бақыт қатал болғасын.

Көкіректе өлең-жыр,
Тумай жатып тұншығар.
Пана таппай менен бір,
Тулай барып тыншығар.

Ерте келем, кеш келем,
Тынбайды бір азалы үн.
Танығандай сескенем,
Ақындықтың ажалын...

* * *

Түзге кетсем – үйім жоқ,
Үйге жетсем – түзім жоқ.
Анда барсам – күйім жоқ,
Мында келсем – ізім жоқ.

Өрге жетсем – бір қайғы,
Елге кетсем – бір қайғы.
Қайда барсаң, сұр ғұмыр
Мұңды қолын бұлғайды.

Күнің де бір қасірет,
Түнің де бір қасірет.
Тартып алды тыншымды
Тағдыр деген хазірет!...

* * *

Бұлдырады-ау жанарым,
Шын жылады-ау қаламым, –
Айтқанына көнем деп,
Құлдыраған сананың.

Жырым шерге ұласып,
Көңіл кетті-ау құлазып.
Оңай тамды деймісің,
Көздерімнен мына шық?

Үркітем деп тажалды,
Қайыс-иық қажалды.
Шуақ шашқан дидарым
Шүберектей бозарды.

Ой – жоғалған оқтай бір,
Жұртта қалған шоқтай – жыр.
Өмір үнсіз өксиді,
Жүрек – жиі соқпай тұр...

Сезіміммен алысқан,
Жырақтады таныс маң.
Жарқылдайды
тек қана,
Найзағайлар алыстан.

Ада болса көктемі,
Өмірдің жөн өткені.
Түк бітірмей күл болдым,
Сол қинайды тек мені...

Тыншу беріп құлаққа,
Жоғалар ем жыраққа, –
Ер сала алсам, шіркін-ай,
Тәуекел деген Пыраққа!..

* * *

...Уақыт – балға,
Ақын – төс,
Соққы жеуде тынымсыз.
Жырым – жалғыз жақын дос,
Ертеңі бар – Бүгінсіз!...

Мен алайда шаттықтан,
Үмітімді үзбедім.
Аласұрған, аптыққан
Шақтарымды іздедім:

Алаңдама, Көңілім,
Аласармас жоқ пенде.
Шашылмасын сенімің,
Басқа қайғы тепкенде!

Аласұрма, Жан сезім,
Күнің алыс тыншығар.
Басқанымен қан көзін,
Үміт саған ұмсынар!

Өректіме, Жүрегім,
Өрісің тар – асықсаң.
Тарпаңдардың тілегін,
Іздегейсің қашықтан!

Жолын кескен Өлеңнің
Сұрқиялар сорлайды!
Әділетсіз әлемнің
Жолы мәңгі болмайды!
ТөсТіршілік
Балғаның
Сабын бір күн сындырып, –
Қайтарады алғанын,
Шындықты атқа міндіріп!

* * *

...Қолыма тиді қара май,
Мың жусам да кетпеді.
Күледі маған қарап Ай,
Мың кусам да кетпеді.

Жүрегімнің төрінде,
Қасірет жатыр жамбастап.
Көңілімнің көгінде,
Шаттық жоқ тұрған ән бастап.

Созылады сіңірім,
Керегенің көгіндей.
Көзімде кепті ғұмырым,
Моншақ боп жерге төгілмей.

Қан орнына у ішіп,
Мүше біткен мұздайды.
Беріктікпен суысып,
Сүйек біткен сыздайды...

Қолдан келсе, Жүйкені
Жасар ем-ау темірден!
...Көңілге сыр түйгелі,
Пенделікке телінген –
Түңілгенмін – өмірден!..



ІЗМҰРАТ ҚҰРБАНБАЙҰЛЫНА

Ақ бұлақтайын ағылып,
Жүрегіндегі дүрсілмен, –
Келгенде інің сағынып,
Жабығып неге тұрсың сен?

Жүректің отты алауын,
Жүрсем де жырға құйып мен, –
Көрінбей ме әлі жалауым,
Өздерің күткен биіктен?!

Мұңая қарап соншама,
Жүзіме неге үңілдің?
... Жырдағы менің олжама,
Көз салып жатыр бүгін кім?

Іздеп пе ең мендей ініңді,
Қасынан, Аға, жұлдыздың?
... Қанатсыздығым білінді,
Шарқ ұрар кезде үнсізбін!..

Ақындық даңқы – төрім боп,
Самғармын деп ем көкте мен.
Аспанда қазір орын жоқ,
Жылжумен жерде өтпесем!..

Кеудемде жатыр көп арман,
Қар астындағы құрақтай.
Жылдарым – текке жоғалған,
Барады жанды шыдатпай...

Емес бұл бірақ Ән соңы,
Сөздерім әлі төрлейді.
Жалғыздың – Мендей – Жан шоғы
Ғаламды бір күн тербейді!!!

Екінші бөлім

Жүреkte сыр жоқ жасырын



«МОНОЛОГТАР» дәптерінен

ШЫНДЫҚ, СЕНІ...

Көкірегімде тербелсін деп Ар – Тұнық,
Намысымды жүрегіме Дар қылып;
Жанды түйіп шүберекке
Талай Мен –
Шындық, Сені іздеп едім шарқ ұрып!

Ал, Сен болсаң – Гүл екенсің шеттеген,
Күштілердің бақшасында көктеген.
Сондықтанда,
Сылаңдаған сайқалдай –
Дәл бүгінгі қалпыңды Мен жек көрем!

Шеңгел болсаң жемісі жоқ жеуге де,
Жарай ма олар сені «қайда» деуге де?
Біз емес пе ек құшаққа алып Өзіңді,
Тікеніңді кірш еткізген кеудеге?!

Шынымды айтсам, назам да жоқ, өкпем де,
Саған қояр бір сұрақ бар тек Менде:
Кімге қарап жаутаңдайсың
Күштілер
Бір күн Сені керек қылмай кеткенде???

* * *

Мұрттан күліп, мысқыл шашып қу шаһар,
Ұрттап ал деп ұсынады у – заһар.
Несіне енді елеңдейсің ел іздеп,
Тар лақатқа түспей тұрып тулап ал!

Қамығардай көзіңе не көрінді,
Тулақ төсеп көркейтіп ал төрінді.
Ойға батып ор таба алмай қалар деп,
Сен келмей-ақ қазып қойған көрінді!

Маңғаздардың мақұл көрмей мысқылын,
Көктем іздеп көкке кеткен Құс күнің.
Өртке айналмай өкіндірді-ау ақыры,
Ұлылардан ұрлап алған ұшқының!

Үрейі мол үлкен жердің үстінің,
Қайғысына қол созу да күш бүгін.
Ендігісі – қағазыңа көшіру,
Улапшулап жатқандардың ұсқынын!

Заулап кеп ең зауқың болмай басқаға,
Қалай екен, арай ма екен астана?
Бұл қалада бәлкім сен боп қаларсың,
Арам жемей Айға жеткен аш бала!..



ЖІГЕРЛЕНДІРУ

(Өміріне өкпелі жігітке)

«Мұздар кілең – жатып алған жолымда,
Құздар кілең – оңымда да, солымда.
Өтіп бара жатқан сын-ды бұл ғұмыр,
Аттың жалы менен атан қомында?..»

Дейсің неге өзіңе өзің налынып,
Өмір кімге серік болды жалынып?
Сергектердің санасынан бұл сауал,
Қалған, досым, әлдеқашан алынып!

Үздік-создық мынау пәни көшінде,
Келу қиын өзің жайлы шешімге.
Уайымға тізгін берген жандардың,
Қиналғаны қалады көп есінде.

Тани біл сен «анау» менен «мынауды»,
Айыра біл Бықсық пенен Алауды.
Болғандықтан Қайғы демі тым ұзақ,
Қуаныштың сағаттары санаулы!..

Шыңға қарап Қырандардың көзімен,
Биіктіктің не екендігін сезінем! –
Дей білгендер –
Мәңгілік боп жайнайды,
Қас қағымдық қуаныштың өзінен!



АҚЫН ДОСТЫҢ МҰҢЫ

Қасиетінді шын бағалап отыр кім,
Алдаспан ем – тасқа шауып кетілдім.
Айнала – кең,
Адамдар – көп,
Күн – жарық,
Бірақ, бірақ... мен тұлдырсыз жетіммін!..

Туысқан көп,
Жора-жолдас аз емес,
Сонда-дағы көңілім менің мәз емес.
Ұғысарлық жан таба алмай жалғаннан,
Қысқа ғұмыр гүл тербеген Жаз емес...

Көңілім бүгін бір сұмдықты аңдады,
Сырт айналса бұл өмірдің Ән бағы, –
Жетімдікке бойсынғаның,
Немесе
Тас маңдайға тағдыр Оны таңғаны!..

Қансыз-сөлсіз тағдырдың бұл құлқынан
Құтылам деп мен күн сайын бұлқынам.
Бұлқынам да
Ес жиямын тірліктің,
Сұп-сұр болған күл кейіпті сұрқынан...

Содан ба екен, менің жазған ғазалым –
Махаббаттың шуағы емес, таза мұң!..
Айтшы, бірақ,
Ақын бар ма тартпаған
Рухани Жетімдіктің азабын?!..



ШӘКӘРІМ

Басына қонғанда бақ шебер ұлдың,
Айықпас селнөсерін төгерін мұң, –
Көрдім мен,
Жасты көзбен қарап тұрып,
Тас мандай тағдырына Шәкәрімнің.

Болмаса – болған қайғы – сол, бекерден,
Жырымды қасіретке шөлдетер ме ем?
Не шара...
Ол өкініш өшпейді енді,
Қандасы – қайсарына қол көтерген...

Жауыздақта халқым аз күйремептiау,
Қайда барсаң ызалы, күйгелек жау...
Тірісінде жағадан алса ақынды,
Өлгеннен соң мүрдесін сүйрелептiау!

...Зұлымдық биігімді аласартып,
Кетсе де иығыма наланы артып;
Мен бүгін жендеттерге дұға арнадым,
Қайтадан тумауы үшін Қарасартов!



СҮРБОЙДАҚТЫҢ СЕКЕМІ

Тірлік дәмі талғамсызға балдай-ды,
Бағы барлар дәмнің өзін талғайды.
Әйел де бір өлмегенге татар дәм,
Әттең көбі... күлкісімен алдайды.

Қатты жазсам қаламсабым сынады,
Ұғу қиын еріктіге мұны әлі.
Қайсарларға қол бұлғаса қабірлер,
Көбіне оның...
Әйел ғана кінәлі!..

Гүл емес ол өсіп шыққан тақырдан,
Өз дауысың – өзіңді іздеп аһ ұрған.
Сәл бұлқынсаң қуырады апшыңды,
Бір кездегі сынып кеткен Қабырғаң!..

Өмір заңы осы – бастан сорлаған,
Несіне енді нала жұтып арланам?
...Жазмышыма жазатайым шоқ түссе,
Мен де түбі бір қатынға қор болам!..



ІЗДЕМЕ

Көңілімнің көгіндегі Ерке едің,
Өзің боп ең домбырамда шертерім.
Бүгін болса
Сезімімді «сен» деген,
Жүрегіме тұрмастай ғып жерледім.

Қыздың жаны –
Жаны екен ғой қасқырдың,
Қарамайтын көзде мейлі жас тұрсын.
Қалай ғана Үмітімнің Ақ Гүлін,
Көзің қиып аямастан тасқа ұрдың?...

Жыр арнасам мен ағымнан жарыла,
«Жағынба...» деп қорладың сен тағы да.
Неткен жан ең танымаған, білмеген,
Ер жігітті – жырдың туған бағына?!

Саған қарай талпынып ед қыр гүлі,
Қыршын кетті көктей жұлып жыр мұңы.
Осы әндегі жан сырымды кеш ұғып,
«Бақытсызбын...» деп жылама бір күні.

Өмір деген өткелі тұр, өткелі,
Бізді айырып екі жаққа кеткелі.
Енді саған оралмаймын,
Іздеме,
Кешірместей қып жібердің өйткені!..



* * *

Ғайыптан келген бақыттан Із қалады, болғаны,
Ғайыптан келген қайғыдан Сыз қалады, болғаны.

Алғашқысы – өмірде болмайды көп баянды,
Ал, соңғысы – көңілде көп жасайды аялды.

Бақыт келсе ұқсап қал аз да болса сәндіге,
Қайғы келсе мұздақтар тайғанатар мәңгіге.

Бақыт деген бостау ғой жаншылатын деп-демде,
Қайғы деген қатты ғой көп қинайтын кеткенше.

Баяны жоқ бақыттың өкіңтері көп болар,
Аялы көп қайғының қасіреті шоқ болар...

Құстай ұшып кетеді – құстай ұшып келген бақ,
Аяқ асты қайғы да ала қоймас төрден тақ!

Өткіншінің зардабы өткінші ғой дегенмен,
Мұнда сұмдық тылсым бар босатпайтын көгеннен:

Ғайыптан келген бақытты алақайлап қарсы алма,
Ғайыптан келер қайғы тұр «асықпа...» деп арқанда!..



ҚЫС

Қарауытып мен келем. Аппақ әлем – айналам.
Неге екені белгісіз, көңілде жоқ жайдары ән.

Болғанымен кіршіксіз көргенге бір қыс мынау,
Тұрысында бір қатал өң бар сынды сұстылау...

Тоқтаған бір сәтімде оған лайық жырды іздеп,
Құлағымды аяусыз тістеп алды тілсіз леп.

Бұнысына мән бермей шығар деп ем бір сыны,
Байқаусызда тағы да мұрынымды шымшыды.

Жүріп кеттім содан соң – жазып «аяқ жазуын»,
Табаныма бір нәрсе салып жатты азуын!

Қорланғандай бейне бір жатқанға аяқ асты боп,
Қарш-қарш етті әлгі азу, ызалы ма басты деп?

...Қарағанда абайлап – жасын өтті шекемнен,
Сұлаған ақ қасқырды таптап келеді екем мен!..



ҚҰЛАЗЫҒАН КҮНДЕРІМ

* * *

Айрылғасын қуат берер құнардан,
Тумай жатып тұншықпақшы мың арман.
Қайран, менің қалжыраған көңілім,
Қаңырап тұр жол таба алмай мұнардан.

Уайым да аулақ салмай іргені,
Көзден таса болды ақыры Жыр кені.
...Көктем-Рух мезгілінен кешігіп,
Көңілімнің терезесі кірледі.

Бір қайшылық жан-жүректі езгелі,
Дірілдейді тағдырымның безбені.
Наразы үнін кім ұғушы ед Нарлардың,
Өз бойына дұшпан болған өз белі?!...

* * *

Мен – тұтқын тіршілікке – қалыптасқан,
Сезім жоқ баяғыдай алып қашқан.
Әуірі дауылды өрттей қайран жырды,
Қойдым-ау уызында жарытпастан.

Шақтардан – шұғылалы – қашық тұрмын,
Еңсемді тұрады ылғи басып бір мұн.
Қайран жан мойынсынбай бұлқынса да,
Тән екен – тәннің аты,
Жасық шіркін!..

Жоғалтқан мен бір бейбақ өрісімді,
Әр күнім Қорқыт баба көрі-сынды.
Кеудемді соққылайды сорлы жүрек,
Көкпарға тәлкек болған бөрі-сынды.

Болғасын алай-дүлей Дауыл кетіп,
Кеткенге тон пішуге Қауым жетік!
Шындығың сөз бастаса,
Қыршаңқылар
Қанденін қоя беред шәуілдетіп!

Тектінің мәрттік болса сүйенері,
Тексіздер ит-пиғылдан жиі өледі.
Бөріде Тәңір барын білмей ме екен,
Күпсінген Көпектердің иелері?!

* * *

Қолыма тимей бүтін оңашалық,
Алдым-ау арманымды аласа қып.
Мен өлең бастар кезде, омыраулап
Төнеді тереземе таласа бұлт.

Күзде осылай, көктемде тағы осылай,
Уақыттың удай қымбат бағасын-ай!
...Жолын кесіп тұманның жонарқасы,
Аһ ұрады ақынға жанашыр Ай.

Қайсарлыққа бел буып анық бастан,
Көп қараушы ем шыңдарға жалықпастан.
Қашан мені қияға қондырады,
Уақыттарым –
Дырдудан алып қашқан?..



«ЖАЛҒЫЗДЫҒЫМ – СЫРЛАСЫМ» жыр желісінен

АПАЛАРЫМ

(Мәрияш пен Раяға)

...Бағым ба екен бұл менің,
Сорым ба екен бұл менің, –
Жыр үшін жырақ сендерден,
Ұмытып шаттық, күлкіні,
Бұл күні сыртта жүргенім?!

Алыстағаны іргенің –
Жүрегім жырмен бір менің.
Сағынып бүгін сендерді,
Көзімнің жасы көлкілдеп,
Мөлтілдеп келіп тұр менің...

Қан берсем деп ем қансызға,
Жан берсем деп ем жансызға,
Жүректе оттың барында!
Ренжімеңдер сондықтан,
Мұң жұтқан мендей Жалғызға!..

Арасында бес туыстың,
Мен ғана үймен суыстым...
Қайтейін, Апаларым-ай,
Қонған соң өлең басыма,
Жасыма жетпей у іштім...

Жанымда жігер көп қайнап,
Алысқа мені кетті айдап,
...Жындыдай кейде, көшеде,
Келе ме деп қос арайлым,
Қараймын артқа тоқтай қап...
Сый болып талай қауымға,

Күй болып талай дауылға,
Жүргенмен алақандарда, –
Жетпейді екен ғой бірі,
Мейірімі туған бауырға!..

Қимастық сезім – қоңырау,
Көз жастың көлі – омырау...
Тағдырдың толқындарында
Осынша бізді сағынтып,
Сабылтып қойған өмір-ау!?

Қоздатқан талай түнек-мұң,
Жан сыры осы жүректің.
– Сіңбеспін сірә құмға мен,
Екпінім барда сендердей,
Сендердей барда тілекшім!



ЭЛЕГИЯ

Тынбай тұр мынау жылап күн,
Көктемнің сиқы – былғаныш!..
...Қалтырап тұрған құрақтың,
Болмапты-ау бойы бір қарыс.

Жел бұлтқа –
«Шүү, шүү, шүүлейді»,
Шығысты бетке ап үдеріп.
Көкектің күні гулейді,
Қабағын ашпай түнеріп...

...Найзағай-қылыш жарқ етіп,
Тігісі көктің сөгілді.
Бұтақ-бесігін тәрк етіп,
Өріктің гүлі төгілді...

Жаңбырдан үстім малмандай...
Мұңайған жалғыз бір мен бе?
...Тапталып қалған армандай,
Қараймын аппақ гүлдерге.

Жандының бәрі у-шумыз,
Жауратқан күннен түңіліп.
Жер ғана жатқан үн-түнсіз,
Көз жасын көктің сіміріп...



* * *

Бауырын тас парша-парша ғып,
Жылауық мына көктемде;
Аяныштарды шаршатып,
Алқына бұлақ жеткенде;

Қақпасын жанның таң қағып,
Шақырғанда анау көк белге, –
Жүзіне мұңның қан жағып,
Қараймын үнсіз өткенге...

Арқамда орман тұрғанмен,
Бет алдым құла дүз менің;
Көзімді көктем бұрғанмен,
Көңілім толы күз менің.

Аяусыз жұлып кетсең де,
Тәтті шақтардың тізбегін;
Көрместей мені етсең де,
Көбелек, Сені іздедім!..

Сәулесі күңгірт арманға,
Қарашы, қалқам, алармай!
Бұл дәурен – бұлбұл болғанға,
Беймезгіл өшкен жанардай.

Көнем деп басқа салғанға,
Үміттен сенім жаралмай, –
Қатыгез мына жалғанда,
Кетем-ау, саған бара алмай!..



ЖҮРЕК

(Ақ өлең)

Дүрсілдейсің, Жүрегім,
Күлсін дейсің қуанып.
Жүрсін дейсің жәй басып,
Білсін дейсің қайғыра.

Сезсін дейсің қатерді,
Безсін дейсің тобырдан.
Кезсін дейсің тау-тасты,
Төзсін дейсің азапқа.

Шоқтайсың-ау маздаған,
Оттайсың-ау дүлей бір.
Соттайсың-ау арымды,
Жоқтайсың-ау жоғалсам!

...Сөйтіп жүріп,
Бір күні
Токтайсың-ау, Жүрегім!..



* * *

Көзімдегі жасымды
күн нұрынан жасырып,
Тасқа тиген басымды
сипай салып асығып;

Ұлы Көшке қараймын
ұстын іздеп сөзіме,
Ойдың шашын тараймын
түскім кеп сын тезіне.

Қол бұлғайтын сияқты
орын сайлап мөлдір көк.
Мен білмейтін ұятты
жатқан сынды Жол бүркеп.

Ойланармын барған соң,
Өмір шіркін үлгірсін.
Көкке шығып алған соң
Кімнен Қорқам?
Кім білсін...



* * *

Еңсесін езіп көп күннің,
Өткесін бастан қиын Ай, –
Сәлемге саған кеп тұрмын,
Шапағаты мол, Дүние-ай!

Ұғыса алмадым жалғанмен,
Асыл бір сөзім тапшыдай, –
Жүрекке бастар жолдармен,
Қан болып ыстық шапшымай;

Ақылшым болып керендер,
Арпалыс шақты аңсадым.
Дүние, маған Өлең бер,
Өлеңсіз күннен шаршадым!..



МУҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВТЫ ТУҒАН КҮНІНДЕ ЕСКЕ АЛУ

Қойғанмен тағдыр көкіректен жырды ағылтып,
Сергелдең сезім сыйдырмай жерге сабылтып;
Әрбір жүректі өз уыменен улайтын,
Қайталанбайтын қасірет қой бұл Ақындық!..

Әр күні жолын кес-кестей беріп арсыздық,
Тірлігін кейде жіберетұғын нәрсіз ғып;
Ақындық ғұмыр – түбі жоқ терең тылсым ғой,
Кеудеңде мәңгі қоздатып тұрар Жалғыздық...

Ақындар жайлы айта алмас пенде асыра,
Айта алар бәлкім, нұрының құтын қашыра.
Дүние әр кез қарайды кештеу
Олардың
Шындықты іздеп тау-тасқа соққан басына.

Аты өшкір Тірлік...
Еді бұл неткен шырғалаң?
Шырғалаң тірлік – ынсапты білмес бір харам.
Қалғанмен талай тарландарынан көз жазып,
Өкінуді шын білмей жүр әлі бұл ғалам...

Жасағанымен ойымыз еркін – көгенсіз,
Ащылау біздің татар тұзымыз – бөтен тұз!
...Ұлы Ақиқаттың жалғыз минуттық демінің
Құрбандығы үшін жаралған жандар екенбіз!

09.02.1992 ж.



ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ
ҚАБІРІ БАСЫНДА
ҮНСІЗ ОҚЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Тағдыр баста жаратқасын қамсыз ғып,
Тар соқпақта түпке жетер аңсыздық.
Қайда барсаң қыр соңыңнан қалмайды,
Рухыңның көлеңкесі – Жалғыздық.

Миллиондармен сапта бірге тұрсаң да,
Құлазиды Ой...
Қинайды әлі бұл қанша?...
Миллиондардың біреуі де көрмейді,
Жанарыңнан қып-қызыл қан бір тамса...

Сен, өйткені, Жалғыз-ақ тал Қауырсын,
Жалғыз-ақ тал болғандықтан ауырсың!
...Дерті бір де, серті бөлек бұл жұрттың,
Дар алдында жаны кімге ауырсын?

Жанарымнан тамған қанды құм жұтты,
Өзім көрдім осы аяусыз сұмдықты!
Білдім сонда,
Алмайды екем жібіте,
Жүректерде мұз боп қатқан Шындықты...

Тас Құдайға ұқсағанмен тақтағы,
Құлақ түріп бұлбұл үнге бақтағы;
Таңдайымыз қақ жарылып өтерміз,
Шексіз билеп Жалғыздықтың Аптабы!



ТАБЫЛҒА ХАТ

*Сезімім құламай сенделіп,
Қиялым барады жерге еніп.
Қараңғы тып-тымық бөлмеде,
Жарқырап шам тұр тербеліп.
...Біреу келсе екен!*

Табыл Досымов

Шақырғанда түсі суық, ұйқыдағы басқа ауыл,
Қарамайды-ау бір жан сірә, жанардағы жасқа – ауыр.
Мойыныңа Жалғыздықтың киген кезде қамытын,
Бүкіл дүние – тасбауыр!

Ал, Сен сол сәт күтесің-ақ «біреу келсе екен» деп,
«Жалғыздықтың түрмесінде қалай мәңгі өтем» дем.
Дарақы әлем сонда сенің өте шығар қасыңнан,
Күлкі деген көк дөненмен тепеңдеп.

Жалғыздықтан құтқармайды хас шешеннің таңдайы,
Селт етпейді Ол – Қайсарлықтың болсын мейлі қандайы.
Қағып-қағып Жалғыздықтың міз бақпайтын қақпасын,
Қайтар кейін қуаныштың тасқа тиіп маңдайы.

Жалғызсың ба?
Мақұрымсың көңіл желі – шаттықтан.
Жалғызсың ба?
Баса беру жөн жүректі – аптыққан.
Бұл жалғанда селт етпейтін суық сөзге осынау,
Біздің ғана жүрегіміз – Жалғыздыққа жаттыққан!

Ақынбыз ғой екеуміз де – еңкеюді ар санар,
«Құрбым – Қасірет,
Ал, Жалғыздық – Серігім!» деп жар салар.
Илана бер,
Тәкаппар мен Қайсарларды қашанда
Даңқ пен Ажал Ақиқаттың алаңында қарсы алар!..

ЖҰБАТУ

(Қайрат Шахановқа)

...Қорқа күтіп жүргеніңде
Айтылып –
Тағдыр деген қаталдыққа тән кесім;
Ұлы АНА-МЕЙІРІМНЕН айрылып,
Ет жүрегің езілді ме, жан досым?..

Әбден қажап жалғыздықтың мол мұны,
Жылап тұрсын, төгіп көздің сор жасын.
Кім Анадан айырылса,
Сол күні –
Ол төккен жас – көз жас емес, қорғасын!

Өксі, бауырым, өксу керек мұндайда,
Өзге жолы жоқ жалғанға налудың.
Келмеген соң өмір біздің ыңғайға,
Жөні болмас сірә үнсіз қалудың...

Ұмтылар ем жеңілтуге қайғынды,
Дертіңе егер дауа болар сөз тапсам.
Дәрменсізбін,
Мынау ажал – айбынды,
Біздей талай боздақтарды боздатқан.

Не көрмеген, не білмеген адам бұл,
Тірлік – оның өкінішті жарқыллы.
Бұл жалғанның пасықтығын содан біл,
Жұбатады Елші-Уақыт арқылы!

Жанымызға Пәни салар жара көп,
Еңсе көтер, бұрыл, Досым, сен бері.
Өмір деген –
(Өкінбеуге шара жоқ...)
Жоғалу мен Жоғалтудың Шеңбері!

Ұқсаң соны мұңайма, Дос,
Күштіден –
Күтеді өмір Асқақ болмыс – Ұлы Серт!
Керек бізге –
Бұл Дүниенің үстінен
Аяй қарап, күле білер Құдірет!

30.01.1998 ж.



ҚАЛАДАН ҚАЙТЫП БАРАМЫН

(Сұлтанбай Мұратұлына)

Өлеңім үшін селігіп жауынға талай,
Шыдап-ақ едім ызғарлы дауылға талай.
Ал, бүгін болса айрылдым тежегішімнен,
Асықтыруда бір сезім ауылға қарай...

Келгенде алғаш қалаға жақыным көп-ті,
Сан құбылысқа енді-енді ақылым жетті.
Кім көрінгенге ашам деп көңіл-сарайды,
Сенен өзгенің көбіне қадірім кетті...

Достарым қанша көп еді осы қалада,
Салқындық кірді көбімен тосын араға.
Басынан шайыр жігіттің бағы таярда,
Досын дұшпаны қатарға қосып ала ма?...

Тондырар суық сезгесін шабыт желіңнен,
Жыр жазу да азап – бір кезде бақыт көрінген.
...Ұстаздығымды құрметтеп – қуантқан алғаш,
Қоштаса да алмай барамын шәкірттеріммен.

Қалайша өткен уақыттың тізбегі жалған?
Қалайша бақыт күткенбіз біз тегін алдан?
Амал жоқ енді, ұзаймын қаладан үнсіз –
Махаббат толы шақтардың іздері қалған...

Осыдан егер есімді жия алмай кетсем,
Арманға ренжіп – жүретін қия алмай көптен;
Сағынғаныңда жетерсің ініңді іздеп –
Пейілі тарлау ортаға сия алмай кеткен!

Жырымда менің, бейне бір, дау-жалын бардай,
Тіксінер бәлкім, біреулер «жау-сарынды» аңдай.

Бірақ кім ұғар, қаладан
Қараулықпенен
Кеткендігімді күресер қауқарым қалмай?!

Қаладан қайтып барамын шатасқасын көп,
Уығын мұңлы ғұмырдың қадасқасын көп.
Арманшыл жасқа ісімді үлгі қып барам,
Мезгілсіз кезде мендей боп адаспасын деп.

Қалаға қырдан, деп едім, әкелем гүлді,
Бұл ойды басқа арманым бекер ендірді.
Қаладан қайтып барамын,
Бос қалаға еніп
Россияда қираған Наполеон сынды!

Тасбауырлығы тұғырдан тайдырып нарды,
Аңсызда шаһар ақыннан айрылып қалды.
Қоштасқым келмей қасынан үнсіз өткенде,
Мен жүрген көше талдары қайғырып қалды.



ЖАЛҒЫЗДЫҚ ДЕРТІНЕ КӨНЕРМІН

* * *

Шыққанда өнердің жолына,
Армандап едім мен нақ төрді.
Тағдырым жынданып,
Сорыма
Бұлыңғыр бір заман тап келді.

Қараймын түкке де түсінбей,
Түнекке
Жанды жеп күні-түн.
Сонда да келеді үзілмей,
Сағыздай созылған Үмітім.

...Көкжалмын тобынан бөлінген,
Жалғыздық дертіне көнермін.
Қалпымда өлеңге берілген,
Мен сірә, жалғыз боп өлермін!

Ұқпайсың қалайша, досым-ау,
Ақын ғой – қайсар да, сахи да!
...Пәнидің мұңдарын осынау,
Арқалап кетеміз Бақиға.

* * *

Кең барлап қарасаң
Тірліктің
Арнасы – кернеген запыран.
Жасанды тойында Бірліктің,
Шырқалмай, шырқырап жатыр Өн.

Өйткені уланған дүние,
Шалдығып арсыздық дертіне.

Біз соған күйіне, күйіне,
Жанамыз шараптың өртіне.

Кімің бар бұл зарды ұға алған,
Айта алар қасірет жайлы кім?
Ақынсыз қозғалса
Бұ жалған –
Тербелген мұхиты қайғының!..

Дүние сұрлана, сыздана,
Еңсені өзгенде уақытсыз;
Қасірет тойына біз ғана
Жететін
Жүрекке тағып мұз...

* * *

Алға асыққаныңмен шыдамай,
Жанарды жаулайтын мұнар көп.
Жалқы боп келгенмен ұлы Абай,
Қайғы оған таңылды сыңар боп.

Алысып қайғымен – мындармен,
Абай да көкке ұшты ақыры.
Мен дағы бәстес ем жылдармен,
Шаршатты шаттықтың шағымы.

Жеңем деп жүк артқан төзімге,
О, Достар, біз неткен тасыр ек?
Бізге сөз бере ме,
Кезінде
Абайды сорлатқан Қасірет?!

Осынау жалмауыз жалғанға
Бас имей өтеміз демесек, –
Кетеміз бәріміз арманда,
Артта қап Біз күткен келешек.

* * *

Тәрк етіп Сезім мен Төзімді,
Қашқанда бойдан күш – бүгінгі:
Алартып шарасыз көзімді,
Ажал кеп оқиды-ау үкімді.

Жеңілсем өзімнің үйімде,
Не істеймін, не етемін оған мен?
...Бой мұздап, тістенген күйімде,
Бақидың есігін қағам мен.

Мен кетем қайрылмай, сұстанып,
Ал, Қайғы есікті жабады.
ӘМЕҢГЕРЛІК салтын ұстанып,
Тағы бір ақынды табады...



КІМ КЕТТІ ЕКЕН СҮЙІНШІМЕ ДЕРТ БЕРІП?..

* * *

Желкесін жауыр қылған дұғалықпен,
Сұрайсың қандай өлең бұ ғаріптен?
Болғанда:
Қайғым – қайрақ, жаным – пышақ,
Бір күні таусылам ба жұқарып мен?...

Су төгіп соқпағыма – қайғы басқан,
Күледі тірлігіме Айсыз Аспан.
Қайта алмай алған беттен Мен барамын,
Көрем де көрерімді тайқымастан!...

Жалғанның кетіре алмай Сайқал дағын,
Кемесін тыныштықтың шайқалтамын!
Алдында Ар туының тік тұрғалы,
Жүректің жариясы – айта алғаным.

Батырды, жаяу қалған, мақтамайды Ел,
Сертті Күн, сенімімді таптамай кел!
Сөзімнің жүрегінде қалсын мәні,
Сарынын – ала қашқан – жаттамай кел!

Өткенде өткіншіні көз көрместен,
Кеткенде кесірліге сөз берместен, –
Айтылған «Ақиқат!» деп соңғы сөзім,
Қалады һақ нұрында өзгерместен!

* * *

Сезіміне шындықтың қозғау салып,
Аруаналар ботасыз боздауда анық.
Мына дымқыл тұманның қалыңын-ай,
Шаңқай түсте барады көз байланып!...

«Өтті... кетті...» дейтұғын уақыт па бұл,
Дарымай тұр Шындықтан шабытқа сыр.
«Менен қашып қай жаққа барасың» деп,
Күншуаққа қақталып табыт жатыр...

Ештеңеге мына жұрт селт етпейді,
Жүк берер ем, атына теңдетпейді.
Тілегінің күлін Жел көкке шашса,
Енді неге көз жасын көлдетпейді?!

...Сенікі емес, бұл дала – басқа дала,
Шаң бергенше бір Шаттық, саспа бала!
Сертті күні шертіліп Шыдам біткен,
Қаһар таққа мінеді. Жоқ санама!

* * *

Біз оқитын жырдың дені – Сарабдал,
Ажарына қол созымнан қарап қал.
Жапырақтай желге өкпелеп жоғалған,
Бір күндері таптырмас бұл Парақтар!

Тағдыр-Бидің заңы қатал – бір кесім,
Алдырмайды алдыңды орап Білмесің.
Өкініштен өршіген от өшпейді,
Сынған қалам – Алтын болып жүрмесін!

Ишарамен сыр айтады құсқа құс,,
Үміт, Күдік жолға шығар тұспа-тұс.

Күн батқанша барлап Оң мен Солыңды,
Көкке қарай бір Ізгілік ұстап ұш!

Артты былғап, тазалықты тоспа алдан,
Ақиқатың Аққа ғана дос болған.
Кім боласың
Сатып, сатып Сауапты
Таңда-Мақшар дәргеіне бос барсаң???

* * *

Қиянаттың жоқ Ұрғашы, Еркегі,
Ғайбат сөйлеу – ғаріптердің келтегі.
Кектің дағын кешіріммен өшіру –
Айналайын,
Бізден қалған Ертегі!

Тірлігіңде қиялда да, арманда,
Таусылмайсың көп беріп, аз алғанға!
Көрге ғашық көзсіздікке су себер –
Үміт деген Феникс бар жалғанда!...

Жүрегің – Тақ,
Өзің Ие бол Таққа,
Сеніміңе Күдік болып қол қатпа!
Аспан алыс көрінбейді,
Кеуденде
Ақиқатқа бастап барар жол жатса.

Бұ жалғанды Жанды менен Жансызға,
Мен бөлмедім,
Ол күнәға барғызба!
...Буралардың бақ таярда басынан,
Бұйдаларын қимас Біздей Жалғызға!...

* * *

Жан нұрымның қоймалары босады,
Отсыз қалды өлеңімнің ошағы!
Есім ауып айқай салсам, Біреулер,
Ән салды ма деп құлағын тосады!...

Бір теуіп ем – жердің шаңы бұрқ етті,
Үнсіз кешкен күндеріме жыр кекті...
Жұлқынып ем,
Өкінішім өрекіп,
Омырауымнан үзіп алды ілгекті!

Тобығымнан келмейтіндер, апырмай,
Мінезімнің ащы айранын сапырды-ай!
Көк түтіннен көзім шығып жүргенде,
Шақпағымның қойғанын-ай табылмай!...

Соңы емеспін дүниеге келгеннің,
Жатыр сөзім шұқырында желкемнің.
Қара жер де бір тоғайып қалады,
Ырза қылып біздей ақын өлген күн!

Аз күнімді өзіме өзім көп көріп,
Жүрем ылғи жел сөзбенен шектеліп.
Пәни дүние бөлегенде бесікке,
Кім кетті екен сүйіншіме ДЕРТ беріп???

2002 жыл



ЖАЛҒЫЗ АЙ

Ширықтырған шаттығыммен –
Қайғыммен,
Аласұрып көкке қолды жайдым мен.
Сонда –
Тұман арасынан серледім,
Қылаңдаған қансыз жүзін Айдың мен...

Ол тірі еді,
Мен де, рас, тірі едім,
Түннен қашып күз басында тұр едім.
Көңілімде көл шайқалды,
Көргенде
Жалғыз Айдың жан жылатқан реңін.

Мезгілсіз кеп мұңымды айтып бұ маңға,
Кеудемде орын бермеп ем ғой күмәнға!
Аймен бірге
Аялаған арманым,
Қалай сіңіп бара жатыр тұманға?!

Дүрсіліне құлақ аспай жүректің,
Тұрғанын-ай жанымды езіп Түнек-Мұң!
Тұтқын қылып мына тұман мәңгіге,
Іште өле ме буырқанған бір екпін?!

Ай – шарасыз,
Ақын-жүрек шарасыз,
Жыр – шарасыз,
Шабыт-тілек шарасыз...
Көзің салмай қасіреттің кейпіне,
Қамсыз Дүние, қайда кетіп барасыз???

...Сыймайтұғын сырына ешбір ұғымның,
Мен тоналдым – қалмай бірі түгімнің.
Бақсыз басым тартпақ па енді зардабын,
Жүз ғасырда орны толмас шығынның?!

Таразыда –
Мың қасірет, Бір арман
Тартысқанда кім шығады құмардан?
Сергелдеңнің сыры қалай сезбессің,
Жанарыңды жаулап алған Мұнардан?..

...Зарықтырған Жалғыз Айдың сәулесі,
Айтсаңшы, ей, Армандының әуресі, –
Көкке қарап телміргеннің бәрінің
Тірі ме екен көкірегінде тәубесі???

1997 ж.



... КЕЛГЕНДЕ

Бек Сенімнің бурасы еді мінгенім,
Жетпей күні күйретті екен кім белін?
... Мәңгі елеске барады енді айналып,
Блок болып бәйіт жазған түндерім.

Ділсіз пенде демесін деп «мін тағам»,
Жанарыма Жан Сырымды қымтағам:
Жеті Қат Көк жарқылынан жасырып,
Жеті Қат Жер тылсымынан тыңдаған.

Жаумай бірақ тынар ма Қар – жауасы,
Қайда көшкен Дерт сорлының дауасы?
Тау басына жетіп едім теңселіп,
Қалпында тұр – тазармаған ауасы...

Таң қақпасын ашқан шақта күн керіп,
Бір сұмдықты қалдыау деймін Шың көріп!
... Бара жатты
Мың жыл бойы су сүйген –
Жігерімнің жақпар тасы құм болып...

24.07.2009 ж.



ӨЛЕҢ ІЗДЕУ НЕМЕСЕ ӨҢ МЕН ТҮСТІҢ АРАСЫ

...Әрең тапқан Ардағымды баға алмай,
Жанарына ҮмітШырақ жаға алмай;
Жер бетінен Жынсыз Мекен таба алмай,
Бәйітстан қақпасынан қағам жәй.

Төбелердің жаныма жат дауылын,
Тастай қашып,
Іздеген ем Тау Үнін.
БӘЙІТСТАН деп жеткенім қашан-ақ,
БЕЙІТСТАН боп кетіпті, бауырым!..

БӘЙІТ пенен БЕЙІТ қалай теңеспек,
Жаралғанда ЖАНДЫ, ЖАНСЫЗ емес пе ек?
...Қаптаған кіл қаңқалардың ішінде,
Төлегендер бұлдырайды елес боп.

Оятпақ боп ұйықтап кеткен Діл Көшін,
Жұлқылаудан шығып кетті мүлде есім.
Ақыр соңы... тілдеспекке шақырдым,
Дидарғайып қыршындардың Сүлдесін!..

(Шынында мен Елестерді ес көріп,
«Ұғыс» деген ішкі үніме дес беріп;
Шақпақ едім жан қажаған мұңымды,
Ал Олар тұр... сол мұңымнан сескеніп.)

«Үрейленсе Үкі болмыс АқынБақ,
Ібілістің алғаны ма тақымдап?!»
Кенет осы ойымды оқып қойғандай,
Маған бірі келді асығыс жақындап.

Таныды ма маңдай сорын – бес елі,
Ақ жейдесін алдыма әкеп төседі.

Төседі де
Қойды үстіне, ішінде
Ұрттам су... бар шеті сынған кесені.

(Құлағанда сұр аспаннан баяу қар,
Жоғала ма жердегі бар бояулар?
Әлгі елестің көздерінде неліктен,
Маған деген шексіз, шетсіз аяу бар?..)

«Қарашы өзің қан бар ма екен сұрқымда,
Жайымды ұққың келсе менен жыр тыңда!»
Деуге оқталсам...
Отыр екем...
Баяғы –
Бейітстан қақпасының сыртында...

...Жүрегімді бір Жанартау У қысып,
Жанарымды таңда туған жуды Шық.
Жетім көңіл шөлін басты,
Амалсыз,
Елестерден қалған Ұрттам Суды ішіп.



ОРАЛУ

Өлең – Менен,
Мен – Өлеңнен алыстап,
Біраз болды кеткелі.
Өйткені –
Тағдырына Ол да, Мен де өкпелі...

Неліктен?
Бұл бір сұрақ ауыр тіпті өліктен.
Соны ойласам сырқырайды сүйегім,
Қарғыс айтып күндеріме – желіккен.

Уақыт тұрса «Өмір – әлі алда...» деп,
Шабыт тұрған «Серме қанат, талма!» деп.
Қалай ғана көштен қалдым көз жазып,
Бастап ем ғой, «Я, бере көр, Алла!» деп.

Қалай ғана өзімді өзім таптадым,
Көрмей күннің үнсіз бара жатқанын?!
...Жанұшырам,
Жүрегімнің жадынан,
Өшіре алмай сайқал тағдыр дақтарын.

Арма! – деуге Ақиқатқа бата алмай,
Тұншыққам мен тас төсекте жата алмай.
Түн қойнында дөңбекшігем,
«Кіммін?» деп,
Көлеңкесі ғайып болған адамдай...

Ардың қаны жүріп тұрса денемнен,
Қалай ғана бұл қорлыққа көнем мен?
Қалай ғана серлемегем сорымды,
Мен ажырап баратқанда Өлеңнен?

Айтпасам да Ардың сөзін кесімді,
Жырсыз бетке бұрғам талай көшімді.

Енді міне,
Есем кеткен шақтарым,
Жары ортада жинатып тұр есімді.

Қош бол! – дейін күндерге енді жалыққан,
Қалсын қайғы ізден қалмай жаныққан.
Сан аңсатып,
Атты міне, ақыры,
Сатқындықты сүймейтұғын Жарық таң!

Өксі, Өлең,
Көңіл кірін жасырма,
Бір шер тарқат аяу білмес Ғасырда!
Жырдың жаны, Ардың қаны болып жет,
Көр кеудесін түн жайлаған басырға!



* * *

*Жалғыздықтың атауында сенделдім,
Қайда барсам – қарсы алдымнан көрем мұң.
Тұстастарым ту тіккенде
Мен болдым –
Робинзон Крузосы өлеңнің!*

*Бәйгі алаңын таппай Тұлпар-Шабытым,
Ермегі боп күн кешуде азаптың.
АХМЕТ –
Бұл, шыңға бұрып бағытын
Шамырқанған шерлі ақыны Қазақтың!*

*Армандары –
Елсіздегі балбалдай
Болашаққа үнсіз көзін тігеді.
Жүрегінде жалғыз тамшы қан қалмай,
Кекті сөзі қараспанды тіледі.*

*Беріктігі – Пирамида тасындай,
Темір емес қалатұғын тот босып.
Рухы Оның –
Жүреді әлі жасындай
Қалғып кеткен қара өлеңге шоқ тасып!*



МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім АЯУЛЫ, АРДАЙ АСЫЛЫМ

Өрлік толғауы. 1986 жылғы Желтоқсан қаһармандарына	4
Қазақ мерейі	8
Абай-Мұхтар биігі	9
Махамбетке немесе өлмейтін даңқ өлеңі	13
Жанқожа батыр дастаны	15
Көтібарды ояту	21
Бекежанның көз жасы	23
Бекеттен қалған бес өлең	27
Барақтың аты өшпейді	29
Домбыраның санасы	31
Отырарды еске алу немесе шынның жүзі	36
Ана тілді қорғау	38
Біздің сыр	40
Мұстафа Өзтүрік қазасын естігенде	42
Жыр-аруак	44
Ақынға хат	46
Ақындықтың бақыты – асқақ бақыт	48
Мәңгі өлместе сөзің қалды	51
Жолданбай жүрген жыр-хаттар	54
Махаббатнама	58
<i>«Сырлы сарын» жыр желісінен</i>	
Өлім туралы өлең	62
«Қабірстан» жайлы жыр	64
Ажалға арыз	66
Қан қысымым көтерілген түнгі жыр	68
Құлпытастың қашу немесе эпитафияның азабы	70
Курстас доспен қоштасу	72
Мен үшін бақыт деген – көне ертегі	74
Жаралы киік (поэма)	78
Сөздерім әлі төрлейді	88
Ізмұрат Құрбанбайұлына	92

Екінші бөлім
ЖҮРЕКТЕ СЫР ЖОҚ ЖАСЫРЫН

<i>«Монологтар» дәптерінен</i>	
Шындық, сені	94
«Мұрттан күліп...»	95
Жігерлендеру	96
Ақын достың мұны	97
Шәкәрім	98
Сұрбойдақтың секемі	99
Іздеме	100
«Ғайыптан келген...»	101
Қыс	102
Құлазыған күндерім	103
<i>«Жалғыздығым – сырласым» жыр желісінен</i>	
Апаларым	105
Элегия	107
«Бауырын тас...»	108
Жүрек	109
«Көзімдегі жасымды...»	110
«Еңсесін езіп...»	111
Мұқағали Мақатаевты туған күнінде еске алу	112
Төлеген Айбергенов қабірі басында үнсіз оқылған өлең	113
Табылға хат	114
Жұбату	115
Қаладан қайтып барамын	117
Жалғыздық дертіне көнермін	119
Кім кетті екен сүйіншіме дерт беріп	122
Жалғыз ай	126
...келгенде	128
Өлең іздеу немесе оң мен түстің арасы	129
Оралу	131
Жалғыздықтың атауында сенделдім	133

Кітапты шығаруға жауапты –
«Қазығұрт» баспасының директоры
Темірғали КӨПБАЕВ

Ахмет ӨМІРЗАҚОВ

АҚИҚАТТЫҢ РУХЫ

Өлеңдер мен поэма

Редакторы **Әділхан КҮЛІМБЕТОВ**
Суретшісі **Нұран АЙЫМБЕТ**
Техникалық редакторы **Дарико ОМАРҒАЛИЕВА**
Беттеген **Ниязбай ОРАЗЫМБЕТОВ**

ИБ № 421

Басуға 28.07.2014 ж. қол қойылды.

Қалыбы 84×108^{1/32}. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі Times New Roman.

Шартты баспа табағы 7,0.

Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша 2000 дана +
баспаның тапсырысы бойынша 200 дана. Тапсырыс №

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 050009, Алматы қаласы,

Абай даңғылы 143, 405-офис.

Телефон (факс): 8(727) 394-42-86

e-mail: kazygurt@list.ru

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 8(727) 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42
e-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru

ISBN 978-9965-22-479-9



9 789965 224799